ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өлшегіш трансформаторлар
2-бөлім
ТОК ТРАНСФОРМАТОРЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

Трансформаторы измерительные
Часть 2
ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ ДЛЯ ТОКОВЫХ ТРАНСФОРМАТОРОВ

ҚР СТ IEC 61869-2-2013

IEC 61869-2-2012 «Instrument transformers. Part 2: Additional requirements for current transformers» (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өлшегіш трансформаторлар

2-бөлім

ТОК ТРАНСФОРМАТОРЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

ҚР СТ IEC 61869-2-2013

IEC 61869-2-2012 «Instrument transformers. Part 2: Additional requirements for current transformers» (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғы сөз

1 «Қазақстан метрология институты» Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорны, «Техностандарт-НС» ЖШС негізіндегі «Инфрақұрылымның инновациялық технологиялары» № 69 стандарттау жөніндегі техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2013 жылғы 25 қазандағы № 502-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт IEC 61869-2-2012 «Instrument transformers. Part 2: Additional requirements for current transformers» (Өлшегіш трансформаторлар. 2-бөлім. Ток трансформаторларына арналған қосымша талаптар) стандартымен үйлестірілген.

Халықаралық стандартты ТК 38 «Өлшегіш трансформаторлары» техникалық комитеті дайындады.

Негізінде осы ұлттық стандарт дайындалған және сілтемелер берілген халықаралық стандарттың ресми данасы Бірыңғай мемлекеттік нормативтік техникалық құжаттар қорында бар.

Ағылшын тілінен аударма (en)

Сәйкестік дәрежесі – бірдей, IDT

4 АЛҒАШҚЫ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2018 жыл

ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН

Осы стандартқа өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткішінде, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіні – ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жарияланады. Осы стандартты қайта қарау (ауыстыру) немесе алып тастау жағдайында, тиісті хабарлама ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе жартылай жаңғыртыла, таралымға шығарыла және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Терминдер мен анықтамалар	1
4	Нақты мәндері	15
5	Жобалау және жабдықтау	25
6	Сынақтар	29
7	2A қосымшасы *(міндетті)*	44
8	2B қосымшасы *(міндетті)*	50
9	2C қосымшасы *(міндетті)*	68
10	2D қосымшасы *(ақпараттық)*	69
11	2E қосымшасы *(ақпараттық)*	71
12	2F қосымшасы *(міндетті)*	74

Кіріспе

ХЭК 61869-2 халықаралық стандарты, Бірінші басылым, ТК 38 «Өлшегіш трансформаторлары» техникалық комитеті дайындады.

IEC 61869-2-2012 ИСО/ХЭК директивасының 2-бөліміне сәйкес құрастырылды.

«Өлшегіш трансформаторлар» деген жалпы атаумен басылып шығарылған ХЭК 61869 топтамасының барлық бөліктерінің тізімін ХЭК веб-сайтынан табуға болады.

Осы стандарт, 2-бөлім, өзі негізделген ХЭК 61869-1:2007 «Жалпы талаптар» стандартымен бірге пайдаланылу керек, алайда пайдаланушының аталған құжаттың жаңа шығарылымын пайдаланғаны дұрыс болады.

Осы стандарт, 2-бөлім, ХЭК 61869-1:2007 стандартының құрылымын ұстану керек; ол соңғысының тиісті бөлімшелерін толықтырады немесе өзгертеді.

Егер 1-бөлімнің нақты тармағы/тармақшасы осы 2-бөлімде аталмаса, онда сол тармақ/тармақша мақсатқа сәйкес қолданылады.

Қосымша тарақтар, тармақшалар, суреттер, кестелер, қосымшалар немесе ескертулер үшін мынадай нөмірлеу жүйесі пайдаланылады:

- 201-ден бастап нөмірленген тармақтар, тармақшалар, кестелер, суреттер және ескертулер 1-бөлімнің тармақтарына, кестелері мен суреттеріне қатысты қосымша болып табылады;
- толықтырылған қосымшалар былайша нөмірленеді: 2A, 2B және т.б.

ХЭК ТК 38 Техникалық комитеті шығарған стандарттардың жаңартылған тізімі мына веб-сайтта қолжетімді: gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өлшегіш трансформаторлар
2-бөлім
ТОК ТРАНСФОРМАТОРЛАРЫНА АРНАЛҒАН ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

Енгізілген күні 2014-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт 15 Гц бастап 100 Гц дейінгі нақтылы жиіліктері бар электрлік өлшеу құралдарымен және/немесе электрлік қорғаныс құрылғыларымен бірге пайдалануға арналған жаңадан дайындалған индукциялы ток трансформаторларына таралады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін келесі сілтемелік құжаттар қажет. Күні қойылған стандарттар үшін аталған сілтемелік құжаттың басылымы ғана, ал күні қойылмаған стандарттар үшін сілтемелік құжаттың соңғы басылымы ғана (барлық өзгертулерімен бірге) қолданады.

IEC 61869-1:2007 Instrument transformers. Part 1: General requirements (Өлшегіш трансформаторлар. 1-бөлім. Жалпы талаптар).

ЕСКЕРТПЕ Осы стандарты пайдаланған кезде сілтемелік стандарттардың ағымдағы жылдағы күйіне қатысты әрекет етуін жыл сайын жарияланатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіші бойынша және ағымдағы жылы басып шығарылған ай сайын жарияланатын ақпараттық көрсеткіш бойынша тексерген жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай күші жойылған болса, онда осы сілтеме берілген ереженің осы сілтемеге қатысты емес бөлігі ғана қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта IEC 61869-1 бойынша терминдер, сондай-ақ келесі терминдер анықтамаларына сәйкес қолданылады:

3.1 Жалпы анықтамалар

3.1.201 **Ток трансформаторы** (Current transformer): Қалыпты пайдалану кезінде қайталама орамның тоғы бастапқы орамның тоғына іс жүзінде мөлшерлес және байланыстың тиісті бағыты үшін шамамен нөлге тең бұрышқа қатысты фаза бойынша одан айрықшаланады.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-01)

3.1.202 **Өлшегіш ток трансформаторы** (Measuring current transformer): Өлшеу құралдары мен есептегіштеріне ақпараттық дабылды таратуға арналған ток трансформаторы.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-18)

3.1.203 **Қорғаныс ток трансформаторы** (Protective current transformer): Ақпараттық дабылды қорғаныс және басқару құрылғыларына таратуға арналған ток трансформаторы.

(Дереккөз: IEC 60050-321: 1986, 321-02-19)

3.1.204 **P класты қорғаныс ток трансформаторы** (Class P protective current transformer): Симметриялық қысқа тұйықталу орын алған жағдайда қанығу серпіні анықталған магниттік ағыстың шегі жоқ қорғаныс ток трансформаторы.

3.1.205 **PR класты қорғаныс ток трансформаторы** (Class PR protective current transformer): Симметриялық қысқа тұйықталу орын алған жағдайда қанығу серпіні анықталған магниттік ағыстың шегі бар қорғаныс ток трансформаторы.

3.1.206 **PX класты қорғаныс ток трансформаторы** (Class PX protective current transformer): Қайталама орамның қоздыру және кедергі сипаттамаларын, қайталама жүктеменің кедергісін және трансформация коэффициентін білу ол алдағы уақытта пайдаланылатын релелік қорғаныс жүйесіне қатысты әрекет етуі үшін жеткілікті болатын қалған магниттік ағысқа қатысты шексіз төмен реактивтік шашырау кедергісі бар қорғаныс ток трансформаторы.

3.1.207 **PXR класты қорғаныс ток трансформаторы** (Class PXR protective current transformer): Қайталама орамының қоздыру және кедергі сипаттамаларын, қайталама жүктеменің кедергісін және трансформация коэффициентін білу ол алдағы уақытта пайдаланылатын релелік қорғаныс жүйесіне қатысты әрекет етуі үшін жеткілікті болатын қалған магниттік ағысқа қатысты шексіз төмен реактивтік шашырау кедергісі бар қорғаныс ток трансформаторы.

1 ЕСКЕРТПЕ Әлсіз тұрақты токтар ток трансформаторлар арқылы үздіксіз өтетін жағдай туындаған кезде ток трансформаторының шамадан тыс қанығуына жол бермеу үшін ауа саңылауы бар трансформаторлар пайдаланылады, бірақ олардың сипаттамалары PX класының сипаттамаларынан өзгеше болу керек.

2 ЕСКЕРТПЕ Қалдық магнетизмді төмендетуге арналған ауа саңылаулары жоғары реактивтік кедергісі бар трансформаторларды шашыратуға міндетті түрде әкеп соқпауы мүмкін (2С қосымшасын қараңыз).

3.1.208 **TPX класты айнымалы сипаттамаларға арналған қорғаныс ток трансформаторы** (Class TPX protective current transformer for transient performance): Қысқа тұйықталудың айнымалы тоғы болған жағдайда қанығу серпіні лездік кемшіліктің амплитудалық мәнімен анықталатын қалдық магниттік ағысқа қатысты шегі жоқ қорғаныс ток трансформаторы.

3.1.209 **TPY класты айнымалы сипаттамаларға арналған қорғаныс ток трансформаторы** (Class TPY protective current transformer for transient performance): Қысқа тұйықталудың айнымалы тоғы болған жағдайда қанығу серпіні лездік кемшіліктің амплитудалық мәнімен анықталатын қалдық магниттік ағысқа қатысты шегі бар қорғаныс ток трансформаторы.

3.1.210 **TPZ класты айнымалы мәндерге арналған қорғаныс ток трансформаторы** (Class TPZ protective current transformer for transient performance): Қысқа тұйықталудың айнымалы тоғы болған жағдайда қанығу серпіні кемшіліктің айнымалы құрамдас бөлігінің амплитудалық мәнінен анықталатын белгіленген қайталама орамның тұрақты уақыты бар қорғаныс ток трансформаторы.

3.1.211 **Дірілдеу коэффициенті бар ток трансформаторы** (Selectable-ratio current transformer): Бастапқы орамның секцияларын ауыстырып-қосу жолымен және/немесе қайталама орамда тарамдалу арқылы трансформацияның бірнеше коэффициенті алынатын ток трансформаторы.

3.3 Нақтылы токпен байланысты анықтамалар

3.3.201 **Бастапқы орамның нақтылы тоғы** (Rated primary current) I_{pr}**:** Трансформатордың жұмыс сипаттамалары негізделген бастапқы орам тоғының мәні.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-01-11, түрлендірілген атау, синоним және анықтама)

3.3.202 **Қайталама орамның нақтылы тоғы** (Rated secondary current) I_{sr}: Трансформатордың жұмыс сипаттамалары негізделген қайталама орам тоғының мәні.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-01-15, түрлендірілген атау, синоним және анықтама)

3.3.203 **Жылуға төзімділіктің нақтылы тоғы** (Rated short-time thermal current) I_{sr}**:** Белгіленген қысқа уақыт ішінде трансформатор қайталама орамның өте қысқа тұйықталуының салдарынан орын алатын зиянды әсерлерден зақымдалмай, шыдайтын бастапқы орамның максималды мәні.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-22)

3.3.204 **Нақтылы жұмыс тоғы** (Rated dynamic current) I_{dyn}**:** Қайталама орам өте қысқа тұйықталған кезде электромагниттік күштердің нәтижесінде трансформатор электрлік немесе механикалық зақымдалмай, шыдайтын бастапқы орам тоғының максималды амплитудалық мәні.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-24)

3.3.205 **Үздіксіз жылу тоғы** (Continuous thermal current) I_{cth}: Бастапқы орамда, нақтылы жүктемемен жалғасқан қайталама орамда, белгіленген мәндерден аспайтын температурадан аспай, үздіксіз өтуге рұқсат етілген токтың мәні.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-25)

3.3.206 **Бастапқы орамның қысқа тұйықталуының нақтылы тоғы** (Rated primary short-circuit current) I_{psc}: Ток трансформаторының дәлдік сипаттамалары негізделген бастапқы орамның қысқа тұйықталуының айнымалы тоғының айнымалы құрамдас бөліктерінің орташа квадраттық мәні.

1 ЕСКЕРТПЕ I_{th} жылу шегімен байланысты болған кезде I_{psc} дәлдік шегімен байланысты, Әдетте, I_{th} қарағанда I_{psc} азырақ.

3.3.207 **Қамтушы ток** (Exciting current) I_e: Бастапқы және қайталама орамда өте қысқа тұйықталған кезде нақтылы жиіліктің синусоидалдық кернеуі ток трансформаторының қайталама орамынан алынған токтың орташа квадраттық мәні.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-32)

3.4 Дәлдікпен байланысты анықтамалар

3.4.3 **Трансформация коэффициентінің кемшілігі** (Ratio error) ε: IEC 61869-1 бойынша 3.4.3 анықтамалары Ескертпеге сәйкес қолданылады:

ЕСКЕРТПЕ: Пайызбен берілген ток бойынша беріліс коэффициентінің кемшілігі мына формуламен анықталады:

$$\varepsilon = \frac{k_r I_S - I_p}{I_p} \times 100\ \%$$

мұндағы, k_r – трансформацияның нақтылы коэффициенті;

I_p – бастапқы орамның нақтылы тоғы;

I_ε – өлшеу шартында I_p өткен кездегі қайталама орамның нақтылы тоғы.

Түсіндірме векторлық диаграмма 2A.1 берілген.

3.4.4 **Фазаның ығысуы** (Phase displacement) $\Delta\varphi$: IEC 61869-1 бойынша 3.4.4 анықтама қосымшаға сәйкес қолданылады:

1 ЕСКЕРТПЕ Түсіндірме векторлық диаграмма 2A.1 берілген.

3.4.201 **Нақтылы резистивтік жүктеме** (Rated resistive burden) R_b: Қайталама орамға жалғанған резистивтік жүктеменің нақтылы мәні, Оммен өлшенеді.

3.4.202 **Қайталама орамның кедергісі** (Secondary winding resistance) R_{ct}: қайталама орамның 75°С-ге немесе анықталғандай, басқа температураға түзетілген, Оммен өлшенетін тұрақты токқа қатысты нақты кедергісі.

1 ЕСКЕРТПЕ Сөздік мақалада: R_{ct} – нақтылы мәні. Оны R_{ct} арналған жоғарғы шекпен шатастырмаған жөн, себебі оған басқа тәсілмен белгіленуі мүмкін.

3.4.203 **Толық кемшілік** (Composite error) εC: Белгіленген шарттарда орташа квадраттық мәні төмендегілердің айырмашылығымен белгіленеді:

а) бастапқы орам тоғының лездік мәндері;

б) трансформацияның нақтылы коэффициентіне көбейтілген қайталама орамның нақтылы тоғының лездік мәндері, бастапқы және қайталама орам токтарының оң мәндері клеммаларды таңбалау жөніндегі келісімге сәйкес келеді.

1-ЕСКЕРТПЕ Жалпы жағдайда толық кемшілік ε_C бастапқы орам тоғының орташа квадраттық мәнінің пайызы ретінде айқындалады:

$$\varepsilon_c = \frac{\sqrt{\frac{1}{T}\int_0^T (k_r i_S - i_p)^2 dt}}{I_p} \times 100\%$$

ұндағы, k_r - трансформацияның нақтылы коэффициенті;

I_p - бастапқы орам тоғының орташа квадраттық мәні;

i_p - бастапқы орам тоғының лездік мәні;

i_p – қайталама орам тоғының лездік мәні;

T- бір циклдің ұзақтығы.

Қосымша түсініктерді 2А.4 қараңыз.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-26, сөздік мақалаға қатысты өзгертілген қосымша)

3.4.204 **Аспаптың бастапқы орамының нақтылы шекті тоғы** (Rated instrument limit primary current) I_{PL}**:** Өлшеуші трансформатордың толық кемшілігі 10 %-ға тең немесе артық болатын бастапқы орамның минималды тоғының мәні, бұл арада қайталама жүктеме нақтылы жүктемеге тең.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-27)

3.4.205 **Аспаптың қауіпсіздік коэффициенті** (Instrument security factor) *FS*: Аспаптың бастапқы орамының нақтылы шекті тоғының бастапқы орамның нақтылы тоғына қатынасы.

1 ЕСКЕРТПЕ Аспаптың нақтылы қауіпсіздік коэффициентіне жүктеме әсер етеді. Егер жүктеменің мәні нақтылы мәнінен айтарлықтай кем болса, онда қысқа тұйықталу тоғы болған жағдайда қайталама жақта токтың үлкен мәндері туындайтын болады.

2 ЕСКЕРТПЕ Жүйенің қысқа тұйықталу токтары ток трансформаторының бастапқы орамы арқылы өткен жағдайда аспаптың нақтылы қауіпсіздік коэффициенті (*FS*) өзінің ең төменгі деңгейінде болған кезде трансформатордан қуаттанатын аспаптың қауіпсіздігі өзінің ең жоғарғы деңгейінде болады.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-28, сөздік мақалаға қатысты өзгертілген қосымшалар)

3.4.206 **Өлшеуші ток трансформаторларына арналған қайталама орамның шекті ЭҚК** (Secondary limiting e.m.f. for measuring current transformers) E_{FS}: Аспаптың қауіпсіздік коэффициентінің *FS,* қайталама орамның нақтылы тоғының және нақтылы жүктеменің векторлар сомасының және қайталама орамның импедансының туындысы.

1-ЕСКЕРТПЕ Өлшеуші ток трансформаторларына E_{FS} арналған қайталама орамның шекті ЭҚК келесі тәсілмен есептеледі:

$$E_{FS} = FS \times I_{Sr} \times \sqrt{(R_{ct} + R_b)^2 + X_b^2}$$

мұндағы, R_b- нақтылы жүктеменің резистивтік бөлігі;

X_b – нақтылы жүктеменің индукциялық бөлігі.

Осы тәсіл шынайы мәнінен асатын мәні береді. Ол қорғаныс ток трансформаторлары үшін пайдаланылатын сынау тәсілдеріне қолдану үшін таңдалды. 7.2.6.202 және 7.2.6.203 қараңыз.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-31, сөздік мақалаға қатысты өзгертілген атау, синоним және ЕСКЕРТПЕ)

3.4.207 **Шекті дәлдіктің бастапқы орамының нақтылы тоғы** (Rated accuracy limit primary current): Оған дейін ток трансформаторы толық кемшілік талаптарына сәйкес келетін бастапқы орам тоғының мәні.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-29)

3.4.208 **Дәлдік бойынша шекті еселік** (Accuracy limit factor) *ALF:* Шекті дәлдіктің бастапқы орамының нақтылы тоғының бастапқы орамның нақтылы тоғына қатынасы.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-30)

3.4.209 **Қорғаныс ток трансформаторларына арналған қайталама орамның шекті ЭҚК** (Secondary limiting e.m.f. for protective current transformers) E_{ALF}: Дәлдік бойынша шекті еселіктің, қайталама орамның нақтылы тоғының және нақтылы жүктеме мен қайталама орам импедансының векторлық сомасының туындысы.

ЕСКЕРТПЕ P және PR, E_{ALF} класты қорғаныс ток трансформаторларына арналған векторлық орамның шекті ЭҚК келесі тәсілмен есептеледі:

$$E_{ALF} = ALF \times I_{Sr} \times \sqrt{(R_{ct} + R_b)^2 + X_b^2}$$

мұндағы, R_b – нақтылы жүктеменің резистивтік бөлігі;

X_b – нақтылы жүктеменің индукциялы бөлігі.

3.4.210 **Қанығу ағысы** (Saturation flux) Ψ_{sat}: Ток трансформаторындағы өзекше материалының магниттік қанығуына сәйкес келетін ток трансформаторындағы қайталама орамның ағысымен байланысты максималды мәні.

1 ЕСКЕРТПЕ Қанығу ағысын Ψ_{sat} анықтау бойынша ең сай келетін рәсім 2B.2.3 сипатталған тұрақты токпен қанығу тәсілі шегінде берілген.

2 ЕСКЕРТПЕ Бұрынғы IEC 60044-6 стандартында Ψ_s бүгілу нүктесінің мәні ретінде анықталған, ол өзекшенің қанықпаған күйден толықтай қанықкан күйге ауысуымен сипатталған. Бұл анықтама қабылданған жоқ, себебі қанығу дәрежесі тым төмен болды, бұл түсініспеушілікке және кедергілерге әкеп соқты, осыған байланысты толық қанығу шарттарын анықтайтын Ψ_{sat} алмастырылды.

3.4.211 **Қалдық ағыс** (Remanent flux) Ψ_r: Қанығу ағысын (Ψ_{sat}) тудыру үшін жеткілікті магниттеу шамасының тоғы үзілгеннен кейінгі 3 минуттен соң өзекшеде қалатын қайталама орамның ағысымен байланысты мәні.

3.4.212 **Тік бұрыштық коэффициенті** (Remanence factor) K_R: Қалдық магниттік ағыстың пайызбен берілген қанығу ағысына қатынасы.

3.4.213 **Екіншілік ілмек уақытының тұрақты мәні** (Secondary loop time constant) T_s: Магниттелу мен шашырау (L_s) индукциялығының және қайталама орамның кедергісінің (R_s) сомасынан алынған ток трансформаторының қайталама ілмек уақытының тұрақты мәні.

$$T_S = L_S / R_S$$

3.4.214 **Қоздыру сипаттамасы** (Excitation characteristic): Қоздыру тоғының орташа квадраттық мәні мен ток трансформаторының қайталама орамының клеммаларына қосымша ретінде берілген, синусоидалдық кернеу арасындағы графикалық немесе кестелік көрініс, олардың бастапқы және басқа да орамдары мәндер өрісі бойынша қоздырудың төменгі деңгейінен ЭҚК бүгілу нүктесіне көбейтілген 1.1 дейін анықтауға мүмкіндік береді.

3.4.215 **Бүгілу нүктесінің кернеуі** (Knee point voltage): 10 %-ға ұлғайтылу арқылы қоздыру тоғының орташа квадраттық мәнінің 50 %-ға ұлғаюына ықпал ететін барлық қалған клеммалары ажыратылған трансформатордың қайталама орам клеммаларына жалғанған нақты кернеу кезіндегі синусоидалдық кернеудің орташа квадраттық мәні.

(Дереккөз: IEC 60050-321:1986, 321-02-34)

3.4.216 **Бүгілу нүктесінің ЭҚК** (Knee point e.m.f.): 10 %-ға ұлғайтылу арқылы қоздыру тоғының орташа квадраттық мәнінің 50 %-ға ұлғаюына ықпал ететін нақтылы кернеу кезіндегі ток трансформаторының ЭҚК.

ЕСКЕРТПЕ Бүгілу нүктесінің кернеуі ток трансформаторының қайталама орамының клеммаларына жалғануы мүмкін болған кезде бүгілу нүктесінің ЭҚК тікелей қолжетімді болып табылмайды. Кернеу төмендеуінің қайталама орамның кедергісіне болмашы әсер еткендігінен кернеудің мағынасы мен бүгілу нүктесінің ЭҚК тең болып есептеледі.

3.4.217 **Бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК** (Rated knee point e.m.f.) E_k: Бүгілу нүктесі ЭҚК-ң төменгі шегі.

ЕСКЕРТПЕ Бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК PX және PXR класты қорғаныс ток трансформаторларының айрықшаларында пайда болады. Оны мынадай тәсілмен есептеуге болады:

$$E_k = K_x \times (R_{ct} + R_b) \times I_{Sr}$$

3.4.218 **Байламдардың арақатынасы бойынша трансформацияның нақтылы коэффициенті** (Rated turns ratio): Негізгі контур байламдарының қайталама контур байламдарының санына белгіленген қатынасы.

1 МЫСАЛ 1/600 (қайталама контурдың 600 орамына қатысты негізге контурдың 1 байламын білдіреді).

2 МЫСАЛ 2/1200 (қайталама контурдың 1200 орамына қатысты негізге контурдың 2 байламын білдіреді).

1 ЕСКЕРТПЕ Байламдардың арақатынасы бойынша трансформацияның нақтылы коэффициенті PX және PXR класты қорғаныс ток трансформаторларының айрықшаларында пайда болады.

2 ЕСКЕРТПЕ Байламдардың арақатынасы бойынша трансформацияның нақтылы коэффициенті және нақтылы трансформация коэффициенті бастапқы нысандардың қайталама нысандарға қатынасы ретінде анықталды. Егер оларды салыстыру қажет болса, онда нақтылы трансформация коэффициентін интервациялау қажет.

3.4.219 **Трансформация коэффициентінің кемшілігі** (Turns ratio error): Нақтылы трансформация коэффициентінің байламдарға арақатынасы бойынша пайызымен айқындалған байламдардың арақатынасы бойынша нақтылы трансформация коэффициенті мен байламдардың арақатынасы бойынша нақтылы коэффициенті арасындағы айырмашылық.

3.4.220 **Өлшемді коэффициент** (Dimensioning factor) K_X: Қуат жүйесінде жаңылыстар, соның ішінде беріктік қорларындағы жаңылыстар болған жағдайда, сондай-ақ трансформатордан пайдалану талаптарына сәйкестігі талап етілетінге дейінгі жағдайлар орын алған кезде туындайтын қайталама орамның нақтылы тоғын (I_{sr}) көбейткішті көрсетуге арналған коэффициент.

ЕСКЕРТПЕ 3.4.217 формуласын қараңыз.

3.4.221 **Лездік айырмашылық тоғы** (Instantaneous error current): Нақтылы трансформация коэффициенті ($k_т$) мен бастапқы орам тоғына ($i_р$) көбейтілген қайталама орам тоғының лездік мәндері арасындағы айырмашылық:

$$i_\varepsilon = k_r \times i_S - i_p$$

ЕСКЕРТПЕ Айнымалы токтың құрамдас бөліктері де (i_{sac}, i_{pac}), тұрақты токтың құрамдас бөліктері де ($i_{\varepsilon ac}$, $i_{\varepsilon dc}$) болған кезде құрылымындағы құрамдас бөліктер келесі тәсілмен анықталады:

$$i_\varepsilon = i_{\varepsilon ac} + i_{\varepsilon dc} = (k_r \times i_{sac} - i_{pac}) + (k_r \times i_{sdc} - i_{pdc})$$

3.4.222 **Лездік кемшіліктің амплитудалық мәні** (Peak instantaneous error) $\hat{\varepsilon}$**:** Бастапқы орамның қысқа тұйықталуының нақтылы тоғының амплитудалық мәнінің пайызы ретінде айқындалған белгілі жұмыс циклінің лездік кемшілік тоғының (3.4.221 қараңыз) амплитудалық мәні ($\hat{i}_\varepsilon$):

$$\hat{\varepsilon} = \frac{\hat{i}_\varepsilon}{\sqrt{2} \times I_{psc}} \times 100\ \%$$

3.4.223 **Кемшіліктің айнымалы құрамдас бөлігінің амплитудалық мәні** (Peak alternating error component) $\hat{\varepsilon}_{ac}$: Бастапқы орамның қысқа тұйықталуының нақтылы тоғының амплитудалық мәнінің пайызы ретінде айқындалған лездік кемшілік тоғының айнымалы құрамдас бөлігінің амплитудалық мәні $\hat{\imath}_{sac}$:

$$\hat{\varepsilon}_{ac} = \frac{\hat{I}_{sac}}{\sqrt{2} \times I_{psc}} \times 100\ \%$$

3.4.224 **Белгіленген жұмыс циклі (С-О және/немесе С-О-С-О)** (Specified duty cycle (C-O and / or C-O-C-O)): Қуат берілісінің әр белгіленген уақытында бастапқы орамның қысқа тұйықталу тоғының анағұрлым қолайлы бастапқы бұрышы бар деп болжанатын жұмыс циклі (201-суретті қараңыз).



1 Сурет 201 – Жұмыс циклдері

3.4.225 **Бастапқы контур уақытының белгіленген тұрақты мәні** (Specified primary time constant) T_P: Ток трансформаторының айнымалы жұмыс сипаттамалары негізделген бастапқы орамның қысқа тұйықталу тоғының тұрақты құрамдас бөлігінің белгіленген тұрақты мәні (202-суретті қараңыз).



ХЭК 1548/12

2 Сурет 202 – Бастапқы контур уақытының T_P тұрақты мәні

3.4.226 **Бірінші қысқа тұйықталудың ұзақтығы** (Duration of the first fault) t': С-О жұмыс циклінің немесе С-О-С-О жұмыс цикліндегі бірінші қысқа тұйықталудың ұзақтығы.

ЕСКЕРТПЕ 201-суретті қараңыз.

3.4.227 **Екінші қысқа тұйықталудың ұзақтығы** (Duration of the second fault) t'': С-О-С-О жұмыс циклінде екінші қысқа тұйықталудың ұзақтығы.

ЕСКЕРТПЕ 201-суретті қараңыз.

3.4.228 **Бірінші қысқа тұйықталудағы шекті дәлдікке дейінгі белгіленген уақыт** (Specified time to accuracy limit in the first fault) t'_{al}\: **Белгіленген дәлдік ұсталуы тиіс** С-О жұмыс циклінің немесе С-О-С-О жұмыс циклінің қуат алғаш рет берілген кезеңі**.**

ЕСКЕРТПЕ 201-суретті қараңыз. Осы уақыт аралығы байланысқан қорғаныс сызбасының сыни уақыт өлшемімен анықталады.

3.4.229 **Екінші қысқа тұйықталу кезінде шекті дәлдікке дейін белгіленген уақыт** (Specified time to accuracy limit in the second fault) t''_{al}: Белгіленген дәлдік ұсталуы тиіс С-О-С-О жұмыс циклінің екінші қуат берілісінің кезеңі.

ЕСКЕРТПЕ 201-суретті қараңыз. Осы уақыт аралығы байланысқан қорғаныс сызбасының сыни уақыт өлшемімен анықталады.

3.4.230 **Қысқа тұйықталудың қайталану уақыты** (Fault repetition time) t_{fr}: Ақауды сәтсіз жойған жағдайда автоматты сөндіргішті автоматты түрде қайталап сөндірудің жұмыс циклі кезінде бастапқы орамның қысқа тұйықталу тоғының үзілуі мен қайтадан жалғануы арасындағы уақыт аралығы.

ЕСКЕРТПЕ 201-суретті қараңыз.

3.4.231 **Қайталама ілмектің кедергісі** (Secondary loop resistance) R_s: Қайталама контурдың толық кедергісі

$$R_s = R_b + R_{ct}$$

3.4.232 **Қысқа тұйықталу тоғының нақтылы симметриялық коэффициенті** (Rated symmetrical short-circuit current factor) K_{ssc}: Бастапқы орамның қысқа тұйықталуының нақтылы тоғының бастапқы орамның нақтылы тоғына қатынасы

$$K_{ssc} = \frac{I_{psc}}{I_{pr}}$$

3.4.233 **Айнымалы коэффициент** (Transient factor) *K*tf**:** Жұмыс цикліндегі белгіленген уақыт сәтінде қайталама орамның байланысқан ағысының оның тұрақты құрамдас бөлігінің амплитудалық мәніне қатынасы.

1 ЕСКЕРТПЕ K_{tf} қысқы тұйықталу пайда болған сәттегі T_P, T_S, жұмыс цикліне және бұрышқа байланысты әр түрлі формулалардың көмегімен талдау арқылы есептеледі. K_{tf} анықтамасы 2В.1 қосымшасында берілген.

2 ЕСКЕРТПЕ 203-суретте қысқа тұйықталу пайда болған сәтте γ әр түрлі бұрыштары үшін қайталама байланысқан ағыстың ықтимал траекториялары көрсетілген.



ХЭК 1549/12

3 Сурет 203 - Қысқа тұйықталу пайда болған сәтте γ әр түрлі бұрыштары үшін қайталама байланысқан ағыс

3.4.234 **Айнымалы өлшемдік коэффициент** (Transient dimensioning factor) K_{td}: Бастапқы орамның қысқа тұйықталу тоғының тұрақты құрамдас бөліктерінің салдарынан қайталама байланысқа токтың ұлғаюын есепке алуға арналған өлшемдік коэффициент.

ЕСКЕРТПЕ Коэффициент K_{tf} уақыт атқарымы анықталған кезде K_{td} дефинитивтік өлшемдік параметр болып табылады, K_{td} реле өндірушісі тағайындаған (реленің төзімділік типтерін сынау бойынша алынған) немесе K_{tf} қисықтарына негізделген ең нашар шарттардан қарастырылған ток трансформаторына қойылатын талаптардан туындайды (2B.1 қараңыз).

3.4.235 **Төмен реактивтік шашырау кедергісі бар ток трансформаторы** (Low-leakage reactance current transformer): Қайталама орамның клеммаларында (бастапқы орамның клеммалары ажыратылған кезде) жасалған сынаулар оның қажетті дәлдік шектеріне дейінгі қорғаныс сипаттамаларын бағалау үшін жеткілікті болатын ток трансформаторы.

3.4.236 **Жоғары реактивтік шашырау кедергісі бар трансформатор** (High-leakage reactance current transformer): 3.4.235 анықтаманың талаптарына сай келмейтін және өндіруші токтың қосымша шашырауына әкеп соғатын әсерлерді ескеретін қосымша шарттар жасаған ток трансформаторы.

3.4.237 **Қайталама контурдың нақтылы баламалы шекті ЭҚК** (Rated equivalent limiting secondary e.m.f.) E_{al}: Белгіленген жұмыс циклінің талаптарын орындау үшін қажет нақтылы жиілік кезінде қайталама контурдың баламалы ЭҚК-ң орташа квадраттық мәні:

$$E_{al} = K_{ssc} \times K_{td} \times (R_{ct} + R_b) \times I_{sr}$$

3.4.238 E_{al} **кезіндегі қайталама орамның қоздыру тоғының амплитудалық мәні** (Peak value of the exciting secondary current at E_{al}) $\hat{I}_{al}$: Бастапқы орам ажыратылған кезде E_{al} сәйкес келетін кернеу қайталама орамның клеммаларына жалғанған кездегі токтың амплитудалық мәні.

3.4.239 **Құрылым коэффициенті** (Factor of construction) F_c: Тікелей сынаулар мен жанама сынаулар арасындағы шекті шарттар кезінде өлшенген нәтижелердегі ықтимал айырмашылықтарды бейнелейтін коэффициент.

ЕСКЕРТПЕ Өлшеу рәсімі 2B.3.3 сәйкес.

Қысқартулар индексі

IEC 61869-1 стандартының 3.7 тармағы келесі кестемен алмастырылды.

AIS	- ауа оқшаулағышы бар үлестіргіш құрал
ALF	- дәлдік бойынша шекті еселік
CT	- ток трансформаторы
CVT	- сыйымдықты кернеу трансформаторы
E_{al}	- қайталама контурдың нақтылы баламалы шекті ЭҚК
E_{ALF}	- P және PR класты қорғаныс ток трансформаторларына арналған қайталама орамның шекті ЭҚК
E_{FS}	- өлшегіш ток трансформаторларына арналған қайталама орамның шекті ЭҚК
E_k	- бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК
F	- механикалық жүктеме
F_C	- құрылым коэффициенті
f_R	- нақтылы жиілік
F_{rel}	- жылыстаудың салыстырмалы жылдамдығы
FS	- аспап қауіпсіздігінің коэффициенті
GIS	- газды оқшаулағышы бар үлестіргіш құрылғы
$\hat{I}_{al}$	- E_{al} қайталама орамы кезіндегі қоздыру тоғының амплитудалық мәні
I_{cth}	- нақтылы үздіксіз жылу тоғы

Кесте *(жалғасы)*

I_{dyn}	- нақтылы жұмыс тоғы
I_e	- қоздыру тоғы
I_{PL}	- аспаптың бастапқы орамының нақтылы шекті тоғы
I_{pr}	- бастапқы орамның нақтылы тоғы
I_{psc}	- бастапқы орамның қысқа тұйықталуының нақтылы тоғы
I_{sr}	- қайталама орамның нақтылы тоғы
IT	- өлшегіш трансформатор
I_{th}	- жылуға төзімді нақтылы ток
i_ε	- лездік айырмашылық тоғы
k	- трансформацияның деректі коэффициенті
k_r	- трансформацияның нақтылы коэффициенті
K_R	- тік бұрыштық коэффициенті
K_{ssc}	- қысқа тұйықталу тоғының нақтылы симметриялық коэффициенті
K_{td}	- айнымалы өлшемдік коэффициент
K_{tf}	- айнымалы коэффициент
K_x	- өлшемдік коэффициент
L_m	- магниттелу индукциялығы
R_b	- нақтылы резистивтік жүктеме
R_{ct}	- қайталама орамның кедергісі
R_s	- қайталама орамның кедергісі
S_r	- нақтылы қуаттылық
t'	- бірінші қысқа тұйықталудың ұзақтығы
t''	- екінші қысқа тұйықталудың ұзақтығы
t'_{al}	- бірінші қысқа тұйықталу кезіндегі шекті дәлдікке дейін белгіленген уақыт
t''_{al}	- екінші қысқа тұйықталу кезіндегі шекті дәлдікке дейін белгіленген уақыт
t_{fr}	- қысқа тұйықталудың қайталану уақыты
T_p	- бастапқы контур уақытының белгіленген тұрақты мәні
T_s	- қайталама орам уақытының тұрақты мәні

Кесте *(жалғасы)*

U_m	- жабдыққа арналған ең жоғары кернеу
U_{sys}	- жүйеге арналған ең жоғары кернеу
VT	- кернеу трансформаторы
$\Delta\varphi$	- фазалардың ығысуы
ε	- трансформация коэффициентінің кемшілігі
ε_C	- толық кемшілік
$\hat{\varepsilon}$	- лездік кемшіліктің амплитудалық мәні
$\hat{\varepsilon}_{ac}$	- кемшіліктің айнымалы құрамдас бөлігінің амплитудалық мәні
ψ_r	- қалған ағыс
ψ_{sat}	- қанығу ағысы

4 Нақтылы мәндер

4.3 Оқшаулаудың нақтылы деңгейлері

4.3.2 Бастапқы орам клеммаларының оқшауланууының нақтылы деңгейі

4.3.2 IEC 61869-1 сәйкес мыналарды ескере отырып:

Бастапқы орамсыз және бастапқы орамның өзіндік оқшаулауы жоқ ток трансформаторы үшін $U_m = 0{,}72$ кВ мәні қабылданады.

4.3.5 Қайталама орамның клеммаларына қойылатын талаптар

4.3.5 IEC 61869-1 сәйкес мыналарды ескере отырып:

Бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК $E_k \geq 2$ кВ болатын, PX класы мен PXR класының ток трансформаторларының қайталама орамының оқшауланууы орташа квадраттық мәні 5 кВ болатын сызықтың нақтылы жиілікті кернеуі кезінде 60 с бойы шыдай алатындай болу керек.

4.3.201 Байламаралық оқшаулауға қойылатын талаптар

Байламаралық оқшаулау үшін нақтылы шыдайтын кернеу амплитудалық мәнінің 4,5 кВ болу керек.

Бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК 450 В болатын PX класты және PXR класты ток трансформаторлары үшін байламаралық оқшаулау үшін нақтылы шыдайтын кернеу белгіленген бүгілу нүктесінің 10-еселік орташа квадраттық мәнінің амплитудалық кернеуі немесе қайсысы азырақ екендігіне байланысты, 10 кВ амплитудалық мәні болу керек.

1-ЕСКЕРТПЕ Сынау рәсімі толқынның пішінін қатты өзгертуі мүмкін.

2-ЕСКЕРТПЕ 7.3.204 сынау рәсімінің мәндері анағұрлым төмен кернеу мәндерін беруі мүмкін.

4.5 Нақтылы қуаттылық

4.5.201 Қуаттылықтың нақтылы мәндері

Өлшегіш кластар, Р класы мен PR класы үшін нақтылы қуаттылықтың стандартты мәндері:

2,5 - 5,0 - 10 - 15 және 30 ВА.

Қосымшаның мақсатына жету үшін 30 ВА-дан асатын мәніне таңдауға болады.

ЕСКЕРТПЕ Егер нақтылы қуаттылық мәндерінің бірі стандартты болса және стандартты дәлдік класымен байланысты болса, осы трансформатор үшін стандартты емес мәндері болуы мүмкін, бірақ басқа стандартты дәлдік кластарымен байланысқан басқа нақтылы қуаттылықтардың мәлімдемелері алынып тасталмайды.

4.5.202 Резистивтік жүктеменің нақтылы мәндері

TPX, TPY және TPZ класты ток трансформаторлары үшін Оммен есептелетін нақтылы резистивтік жүктемеге арналған стандартты мәндер:

0,5 - 1 - 2 - 5 Ом

Ұнамды мәндердің асты сызылған. Мәндер 1 А нақтылы қайталама токқа негізделген. 1 А-дан айрықшаланатын қайталама орамның нақтылы тоғы бар ток трансформаторлары үшін жоғарыда аталған мәндерді ток шаршысына кері мөлшерлес түрде түзету қажет.

ЕСКЕРТПЕ Егер нақтылы қуаттылық мәндерінің бірі стандартты болса және стандартты дәлдік класымен байланысты болса, осы трансформатор үшін стандартты емес мәндері болуы мүмкін, бірақ басқа стандартты дәлдік кластарымен айланысқан басқа нақтылы қуаттылықтардың мәлімдемелері алынып тасталмайды.

4.6 Нақтылы дәлдік класы

4.6.201 Өлшегіш ток трансформаторлары

4.6.201.1 Өлшегіш ток трансформаторларына арналған дәлдік класын белгілеу

Өлшегіш ток трансформаторлары үшін дәлдік класы бастапқы контурдың нақтылы тоғы мен нақтылы қуаттылығы кезінде трансформация коэффициентінің (ε) кемшілігінің ең жоғарғы рұқсат етілген пайызымен анықталады.

4.6.201.2 Стандартты дәлдік кластары

Өлшегіш ток трансформаторларына арналған стандартты дәлдік кластары мынадай:

0,1 - 0,2 - 0,2S - 0,5 - 0,5S - 1 - 3 – 5 дәлдік кластары

4.6.201.3 Трансформация коэффициенті кемшілігінің (ε) және өлшегіш ток трансформаторларына арналған фазалар ығысуының шектері

0,1 - 0,2 - 0,5 және 1 кластары үшін, трансформация коэффициентінің кемшілігі және нақтылы жиілік кезіндегі фазаның ығысуы 201-кестеде келтірілген мәндерден аспау керек, мұндағы жүктеме нақтылы қуаттылықтың 25 %-дан 100 %-ға дейінгі кез келген мәнін қабылдай алады.

0,2S және 0,5S кластары үшін трансформация коэффициентінің кемшілігі мен нақтылы жиілік кезінде фазаның ығысуы 202-кестеде келтірілген мәндерден аспау керек, мұндағы жүктеме нақтылы қуаттылықтың 25 %-дан 100 %-ға дейінгі кез келген мәнін қабылдай алады.

3-ші және 5-ші кластар үшін нақтылы жиілік кезінде трансформация коэффициентінің кемшілігі 203-кестеде келтірілген мәндерден аспау керек, мұндағы жүктеме нақтылы қуаттылықтың 25 %-дан 100 %-ға дейінгі кез келген мәнін қабылдай алады. 3-ші және 5-ші кластар үшін фазалар ығысуының ешқандай шектері жоқ.

Барлық кластар үшін жүктеменің 0,8 қалған қуаттылық коэффициенті болу керек, жүктеме 5 ВА-дан кем болатын жағдай ескерілмейді, себебі бұл кезде минималды мәні 1 ВА болатын 1,0 қуаттылық коэффициенті пайдаланылу керек.

ЕСКЕРТПЕ Трансформация коэффициентінің кемшіліктері мен фазалар ығысуының ұйғарынды шектері жабдық (U_m) үшін ең жоғары кернеу кезінде ауада оқшаулау үшін талап етілетін арақашықтықтағы ауада кейбір қашықтықта орналасқан сыртқы өткізгіштің осы күйі үшін шынайы.

201-кесте. Өлшегіш ток трансформаторларына арналған трансформация коэффициенттері кемшілігінің және фазалар ығысуының шектері (0,1-ден 1-ге дейінгі кластар)

Дәлдік класы	Трансформация коэффициентінің кемшілігі ± %				Фазалар ығысуы							
					± Минуттер				± Сантирадиандар			
	ток кезінде (нақты %)				ток кезінде (нақты %)				ток кезінде (нақты %)			
	5	20	100	120	5	20	100	120	5	20	100	120
0,1	0,4	0,2	0,1	0,1	15	8	5	5	0,45	0,24	0,15	0,15
0,2	0,75	0,35	0,2	0,2	30	15	10	10	0,9	0,45	0,3	0,3
0,5	1,5	0,75	0,5	0,5	90	45	30	30	2,7	1,35	0,9	0,9
1	3,0	1,5	1,0	1,0	180	90	60	60	5,4	2,7	1,8	1,8

202-кесте. Өлшегіш ток трансформаторларына арналған трансформация коэффициентінің кемшіліктерінің және фазалар ығысуының шектері (0,2S және 0,5S кластары)

Дәлдік класы	Трансформация коэффициентінің кемшілігі ± %					Фазалар ығысуы									
						± Минуттер					± Сантирадиандар				
	ток кезінде (нақты %)					ток кезінде (нақты %)					ток кезінде (нақты %)				
	1	5	20	100	120	1	5	20	100	120	1	5	20	100	120
0,2 S	0,75	0,35	0,2	0,2	0,2	30	15	10	10	10	0,9	0,45	0,3	0,3	0,3
0,5 S	1,5	0,75	0,5	0,5	0,5	90	45	30	30	30	2,7	1,35	0,9	0,9	0,9

203-кесте. Өлшегіш ток трансформаторларына арналған трансформация коэффициенті кемшілігінің шектері

(3 және 5 кластар)

Класы	Трансформация коэффициентінің кемшілігі ± %	
	ток кезінде (нақты %)	
	50	10
3	3	3
5	5	5

4.6.201.4 Жүктеменің кеңейтілген өрісі

Барлық өлшегіш кластар үшін жүктеменің кеңейтілген өрісі анықталуы мүмкін. Трансформация коэффициентінің кемшілігі мен фазалардың ығысуы 1 ВА-дан нақтылы қуаттылыққа дейінші қайталама орамның жүктеме өрісі үшін 201-кестеде, 202-кестеде және 203-кестеде берілген тиісті кластың шектерінен асып кетпеу керек. Қуаттылық коэффициенті жүктеменің толық өрісі бойынша 1,0 болу керек. Максималды нақтылы қуаттылық 15 ВА-ға дейін шектелген.

4.6.201.5 Ұлғайтылған нақтылы токтар

Дәлдік кластары 0.1-ден 1-ге дейінгі ток трансформаторлары келесі талаптарға сай келген жағдайда ұлғайтылған нақтылы тоғы бар ретінде таңбалануы мүмкін:

a) нақтылы үздіксіз жылу тоғы бастапқы орамның нақтылы ұлғайтылған тоғы болу керек;

b) 201-кестеде келтірілген бастапқы орамның нақылы тоғының 120 % үшін трансформация коэффициентінің кемшілігі мен фазалар ығысуының

шектері бастапқы орамның нақтылы ұлғайтылған токтарына дейін сақталу керек.

Бастапқы орамның нақтылы кеңейтілген тоғы бастапқы орамның нақтылы тоғының пайызы ретінде айқындалу керек.

4.6.201.6 Аспаптың қауіпсіздік коэффициенті

Аспаптың қауіпсіздік коэффициентін белгілеуге болады.

Стандартты мәндер мынадай: FS 5 және FS 10

4.6.202 Қорғаныс ток трансформаторлары

4.6.202.1 Жалпы ережелер

Қорғаныс ток трансформаторларының анықтамасына қатысты үш түрлі тәсіл белгіленген (204-кестені қараңыз). Іс жүзінде, үшін анықтаманың әрқайсысы бірдей физикалық шынайылықты бере алады.

204-кесте. Қорғаныс класстарының сипаттамасы

Белгіленуі	Қалдық ағысқа арналған шек	Түсіндірме
P PR	жоқ [a] ия	Ток трансформаторы симметриялық стационарлық күйде қысқа тұйықталу тоғының толық кемшілігінің талаптарына сай келетіндей етіп ток трансформаторын анықтау
PX PXR	жоқ [a), b)] ия [b)]	Магниттелу сипаттамаларын белгілеу арқылы ток трансформаторын анықтау
TPX TPY TPZ	жоқ [a] ия ия	Қысқа тұйықталудың айнымалы үрдістермен шартталған асимметриялық тоғы шартында кемшілікке қойылатын талаптарға сай келетін ток трансформаторларын анықтау

a) Қалдық ағыстың ешқандай шегі болмаса да, ауа саңылауларының болуына рұқсат етіледі, мысалы, ажыратқыш өзекшесі бар ток трансформаторлары.

b) PX және PXR ажырату үшін қалдық ағыстың критерийлері пайдаланылады.

4.6.202.2 P класты қорғаныс ток трансформаторлары

4.6.202.2.1 Дәлдік бойынша еселік шегінің стандартты коэффициенттері (*ALF*)

ALF стандартты мәндері:

5 - 10 - 15 - 20 - 30

4.6.202.2.2 Дәлдік класын белгілеу

Дәлдік класы толық кемшіліктің ең жоғары қолжетімді пайызын пайдалана отырып белгіленеді, одан кейін «Р» әрпі («қорғаныстық» білдіреді) және *ALF* мәні келеді.

4.6.202.2.3 Стандартты дәлдік кластары

Қорғаныс ток трансформаторларына арналған стандартты дәлдік кластары:

5Р және 10Р

4.6.202.2.4 Р класты қорғаныс ток трансформаторларына арналған кемшіліктің шектері

Нақтылы жиілік кезінде және жалғанған нақтылы жүктеме кезінде трансформация коэффициентінің шегі және фазаның ығысуы мен толық кемшілік 205-кестеде келтірілген шектерден асып кетпеу керек.

Нақтылы жүктеменің 0,8 индукциялы қуаттылық коэффициенті болу керек, нақтылы қуаттылық 5 ВА-дан кем болған жағдай ескерілмейді, бұл кезде 1,0 қуаттылық коэффициентін пайдалану қажет.

205-кесте. Р және PR класты қорғаныс ток трансформаторларына арналған кемшіліктің шектері

Дәлдік класы	Бастапқы орамның нақтылы тоғы кезіндегі трансформация коэффициентінің кемшілігі ± %	Бастапқы орамның нақтылы тоғы кезінде фазаның ығысуы		Шекті дәлдіктің бастапқы орамының нақтылы тоғы кезіндегі толық кемшілік %
		± Минуттер	± Сантирадиандар	
5Р және 5PR	1	60	1,8	5
10Р және 10PR	3	-	-	10

4.6.202.3 PR класты қорғаныс ток трансформаторлары

4.6.202.3.1 Дәлдік шегінің стандартты коэффициенттері (*ALF*)

ALF мәнінің стандарты:

5 - 10 - 15 - 20 - 30

4.6.202.3.2 Дәлдік класының белгіленуі

Дәлдік класы толық кемшіліктің ең жоғары рұқсат етілген пайызымен белгіленеді, одан кейін «PR» әрпі (қорғаныстың төмен қалдық магниттік индукциясын білдіреді) және *ALF* мәні келтіріледі.

4.6.202.3.3 Стандартты дәлдік кластары

Төмен қалдық магниттік индукциясы бар қорғаныс ток трансформаторларына арналған стандартты дәлдік кластары:

5PR және 10PR

4.6.202.3.4 PR класты қорғаныс ток трансформаторларына арналған кемшіліктің шектері

Нақтылы жиілік кезінде және жалғанған нақтылы жүктеме кезінде трансформация коэффициентінің кемшілігі және фазаның ығысуы мен толық кемшілік 205-кестеде көрсетілген шектерден аспау керек.

Нақтылы жүктеменің 0,8 индукциялы қуаттылық коэффициенті болу керек, нақтылы қуаттылық 5 ВА-дан кем болған жағдай ескерілмейді, бұл кезде 1,0 қуаттылық коэффициентін пайдалану қажет.

4.6.202.3.5 Тік бұрыштық коэффициенті (K_R)

Тік бұрыштық коэффициенті (K_R) 10 %-дан аспау керек.

ЕСКЕРТПЕ Өзекшеге бір немесе бірнеше саңылауды кіріктіру – тік бұрыштық коэффициентін шектеу тәсілі.

4.6.202.3.6 Қайталама ілмек уақытының тұрақты мәні (T_s)

Қайталама ілмек уақытының тұрақты мәнін белгілеуге болады.

4.6.202.3.7 Қайталама орамның кедергісі (R_{ct})

Қайталама орам кедергісінің жоғарғы шегін белгілеуге болады.

4.6.202.4 PX класты және PXR класты қорғаныс ток трансформаторлары

PX класты қорғаныс ток трансформаторларының жұмыс сипаттамалары келесі шамалардың терминдерінде белгілену керек:

- бастапқы орамның нақтылы тоғы (I_{pr});
- қайталама орамның нақтылы тоғы (I_{sr});
- байламдардың арақатынасы бойынша нақтылы трансформация коэффициенті;
- бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК (E_k);
- бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК кезінде қоздыру тоғының (I_e) жоғарғы шегі және/немесе осы шаманың белгіленген пайызы;
- қайталама орам кедергісінің жоғарғы шегі (R_{ct}).

Бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК (E_k) белгілеудің орнына E_k мынадай тәсілмен есептеуге болады:

$$E_k = K_x \times (R_{ct} + R_b) \times I_{sr}$$

Бұл жағдайда нақтылы резистивтік жүктемені (R_b) және өлшемдік коэффициентті (K_x) белгілеуге болады, ал R_{ct} дайындаушы таңдайды.

PX класы үшін трансформация коэффициентінің кемшілігі ± 0,25 %-дан аспау керек.

PXR класы трансформация коэффициентінің кемшілігі ± 1 %-дан аспау керек.

PXR класы үшін тік бұрыштық коэффициенті 10 %-дан аспау керек.

201 ЕСКЕРТПЕ Тік бұрыштық коэффициентін < = 10 % кепілдеу үшін PXR класты ток трансформаторлардың ауа саңылаулары болуы мүмкін.

202 ЕСКЕРТПЕ Кішкентай ампер-байламдары бар PXR класты үлкен өзекшелер үшін тік бұрыштық коэффициентіне қойылатын талаптарды орындау қиынға соғуы мүмкін. Бұл жағдайда тік бұрыштық коэффициентін 10 %-дан артық болатындай етіп келісуге болады.

4.6.202.5 Айнымалы сипаттамаларға арналған қорғаныс ток трансформаторлары

4.6.202.5.1 TPX, TPY және TPZ класты ток трансформаторларына арналған кемшілік шектері

Нақтылы резистивтік жүктеме ток трансформаторына жалғанған кезде трансформация коэффициентінің кемшілік пен нақтылы жиілік кезіндегі фазаның ығысуы 206-кестеде көрсетілген кемшіліктер шектерінен асып кетпеу керек.

Белгіленген жұмыс циклі (немесе белгіленген айнымалы өлшемдік коэффициентке K_{td} сәйкес келетін жұмыс циклі) нақтылы резистивтік жүктемеге жалғанған ток трансформаторына қатысты қолданылған кезде $\hat{\varepsilon}$ (TPX және TPY үшін) немесе $\hat{\varepsilon}_{ac}$ (TPZ үшін) айнымалы үрдістермен байланысты кемшіліктер 206-кеседе көрсетілген шектерден асып кетпеу керек.

Кемшіліктің барлық шектері қайталама орамның 75°C температурасына негізделген.

206-кесте. ТРХ, ТРҮ және TPZ ток трансформаторларына арналған кемшіліктер шектері

Класы	Бастапқы контурдың нақтылы тоғы кезінде			Белгіленген жұмыс циклі шартында айнымалы үрдістермен шартталған кемшілік шектері
	Трансформация коэффициентінің кемшілігі ± %	Фазаның ығысуы		
		±Минуттер	±Сантирадиандар	
ТРХ	0,5	±30	±0,9	$\hat{\varepsilon}$ =10 %
ТРҮ	1,0	±60	±1,8	$\hat{\varepsilon}$ =10 %
TPZ	1,0	180±18	5,3±0,6	$\hat{\varepsilon}_{ac}$ =10 %

1-ЕСКЕРТПЕ Кейбір жағдайларда, фаза ығысуының абсолюттік шамасы осы өндірістік топтаманың орташа мәнінің минималды кемшілігіне жетуге қарағанда анағұрлым маңызды болуы мүмкін.

2-ЕСКЕРТПЕ E_{al} тиісті мәні магниттелу қисығының сызықтық бөлігінен аспаған жағдайда ТРҮ өзекшелері үшін келесі формуланы пайдалануға болады:

$$\hat{\varepsilon} = \frac{K_{td}}{2\pi \int_R \times T_s} \times 100\ \%$$

4.6.202.5.2 Тік бұрыштық коэффициенттің (K_R) шегі

ТРХ: шегі жоқ

ТРҮ: $K_R \leq 10$ %

TPZ: $K_R \leq 10$ %.

ЕСКЕРТПЕ TPZ өзекшелері үшін тік бұрыштық коэффициентін <<10 % құрылым белгілейді, осыған байланысты қалдық магниттік ағысты шамадан тыс асыруға болады.

4.6.202.5.3 Айрықша тәсілдері

Екі айрықша тәсілі 207-кестеде көрсетілген.

Кейбір жағдайларда бір белгілі жұмыс циклін таңдау қорғаныстың барлық талаптарын сипаттай алмайды, осыған байланысты баламалы анықтама әр түрлі жұмыс циклдерінің талаптарын қамтитын «толық талаптарды» анықтау мүмкіндігін ұсынады. Айрықшаларды араластыруға болмайды; кері жағдайда ток трансформаторын қайта анықтауға турал келеді.

207-кесте. TPX, TPY және TPZ ток трансформаторларын арналған айрықша тәсілдері

Стандартты айрықша	Баламалы айрықша
Кластың белгіленуі (TPX, TPY немесе TPZ)	Кластың белгіленуі (TPX, TPY немесе TPZ)
Қысқа тұйықталу тогының нақтылы симметриялық коэффициенті, K_{ssc}	Қысқа тұйықталу тогының нақтылы симметриялық коэффициенті, K_{ssc}
Жұмыс циклі, мыналардан тұрады: С-О циклі үшін: $t'al$ С-О-С-О циклі үшін: t'_{al}, t', t_{fr}, t''_{al}	Айнымалы өлшемдік коэффициенттің нақтылы мәні, K_{td} Қайталама ілмектің тұрақты уақытының нақтылы мәні T_S (TPY өзекшелеріне ғана арналған)
Бастапқы контур уақытының нақтылы тұрақты мәні, T_P	
Нақтылы резистивтік жүктеме, R_b	Нақтылы резистивтік жүктеме, R_b

1 ЕСКЕРТПЕ Қайталама орамдарының бұрмалары бар ток трансформаторлары үшін дәлдікке қойылатын осы талаптар тек бір коэффициент үшін орындала алады.

2 ЕСКЕРТПЕ Бастапқы орам ауыстырып-қосылатын ток трансформаторлары үшін дәлдік талаптары әр түрлі коэффициенттер үшін орындала алады. Бұл жағдайда бастапқы орам сымдарының пішім үйлесімдігі әсер ете алатын F_c құрылым коэффициентіне назар аударған жөн.

3 ЕСКЕРТПЕ Баламалы айрықшада K_{td} әдетте қорғаныс құрылғыларының жеткізушісі белгілейді. T_S мәні белгіленуі мүмкін, себебі бұл K_{td} есептеу кезінде қолданылатын ток трансформаторының жалғыз параметрі болып табылады.

4.6.203 Коэффициенті таңдалатын ток трансформаторы класының тағайындалуы

4.6.203.1 Бастапқы орамы ауыстырып-қосылатын ток трансформаторларына арналған дәлдік сипаттамалары

Барлық дәлдік кластары үшін дәлдікке қойылатын талаптар барлық қорғаныс ауыстырып-қосуларына қатысты болады.

4.6.203.2 Бұрмалары бар қайталама орамдары бар ток трансформаторларына арналған дәлдік сипаттамалары

Барлық дәлдік кластары үшін дәлдік талаптары трансформацияның ең жоғарғы коэффициентіне қатысты болады, егер басқасы белгіленбесе.

Сатып алушының талабы бойынша, дайындаушы анағұрлым төмен коэффициенттер кезіндегі дәлдік сипаттамалары туралы ақпаратты беру керек.

5.201 Бастапқы орамның нақтылы тогының стандартты мәндері

Бастапқы орамның нақтылы тогына арналған стандартты мәндер:

10 - 12,5 - 15 - 20 - 25 - 30 - 40 - 50 - 60 - 75 А,

және олардың ондық еселіктері немесе үлестері. Ұнамды мәндердің асты сызылған.

4.202 Қайталама орамның нақтылы тоғының стандартты мәндері

Қайталама орамның нақтылы тоғының стандартты мәндері - 1 А және 5 А.

Айнымалы сипаттамалары бар қорғаныс ток трансформаторлары үшін қайталама орамның нақтылы тоғының стандартты мәні - 1 А.

4.203 Нақтылы үздіксіз жылу тоғының стандартты мәндері

Нақтылы үздіксіз жылу тоғының стандартты мағынасы – бастапқы орамның нақтылы тоғы.

Бастапқы орамның нақтылы тоғынан асатын нақтылы үздіксіз жылу тоғы белгіленген кездегі ұнамды мәндер – бастапқы орамның нақтылы тоғының 120 %, 150 % және 200 %.

4.204 Қысқа мерзімді токтың нақтылы мәндері

4.204.1 Жылу төзімділігінің нақтылы тоғы (I_{th})

Трансформаторға жылу төзімділігінің (I_{th}) нақтылы тоғы тағайындалу керек.

Нақтылы қысқа мерзімді жылу тоғының стандартты мәні - 1 с.

4.204.2 Нақтылы жұмыс тоғы (I_{dyn})

Нақтылы динамикалық токтың (I_{dyn}) стандартты мәні – нақтылы қысқа мерзімді жылу тоғына (I_{th}) 2,5 көбейту керек.

5 Жобалау және жабдықтау

5.4 Бөлшектер мен құрамдас бөліктер температураларының ұлғаюына қойылатын талаптар

5.4.1 Қосымша талаптар

Осы тарауда келесі толықтырулар келтірілген:

Нақтылы үздіксіз жылу тоғына тең бастапқы орамның тоғын қуаттылығы бірге тең және тиісті нақтылы қуаттылыққа сәйкес келетін жүктемемен өткізген кезде ток трансформаторындағы ток температурасының ұлғаюы IEC 61869-1 стандартындағы 5-кестеде көрсетілген мәндерден аспау керек. Осы мәндер 4-тарауда келтірілген пайдалану шарттарына негізделген.

5.13 Таңбалау

5.13.201 Клеммаларды таңбалау

5.13.201.1 Жалпы ережелер

Клеммаларды таңбалау мыналарды сәйкестендіру керек:

a) бастапқы және қайталама орамдар;

b) орамның секциялар, егер болса;

c) орамдардың және орамдар секцияларының салыстырмалы кереғарлықтары;

d) аралық бұрмалар, егер болса.

5.13.201.2 Таңбалау тәсілі

Таңбалама әріптерден тұру керек, олардың алдында немесе олардан кейін қажет болса сандар қойылады. Әріптер баспалы болу керек.

5.13.201.3 Пайдалану қажет болатын таңбалар

Ток трансформаторлары клеммаларының таңбалануы 208-кестеде көрсетілгендей болу керек.

208-кесте. Клеммалардың таңбалануы

<table>
<tr>
<td>Бастапқы орамның клеммалары

Қайталама орамның клеммалары</td>
<td>

Бір коэффициент</td>
<td>

Қайталама орамында аралық бұрмалары бар трансформатор</td>
</tr>
<tr>
<td>Бастапқы орамның клеммалары

Қайталама орамның клеммалары</td>
<td>

Тізбекті немесе қатарлас байланыстыруға арналған 2 секциялы бастапқы орамы бар трансформатор</td>
<td>

2 қайталама орамдары бар трансформатор; әрқайсының өзіндік магниттік өзекшесі бар (қайталама клеммаларға арналған екі баламалы таңбалау)</td>
</tr>
</table>

5.13.201.4 Салыстырмалы кереғарлықтарды белгілеу

P1, S1 және C1 болып таңбаланған барлық клеммалардың бір сәтте бірдей кереғарлығы болу керек.

5.13.202 Техникалық деректер келтірілген тақтайшаның таңбалануы

5.13.202.1 Жалпы ережелер

IEC 61869-1 стандартының 6.13-тарауында анықталған таңбалануларға қосымша ретінде барлық ток трансформаторларының осы тарауда анықталғандай жалпы түрдегі техникалық деректер келтірілген

тақтайшаларының таңбасы болу керек. Нақты дәлдік кластарымен байланысты таңбалаулар 6.13.202.2 - 6.13.202.6 берілген.

a) бастапқы және қайталама орамның нақтылы тоғы (мысалы, 100/1 А);

b) жылуға төзімділіктің нақтылы тоғы (I_{th}), (мысалы, I_{th} = 40 kA);

c) нақтылы жұмыс тоғы (I_{dyn}), егер ол 2,5 × I_{th} өзгеше болса (мысалы, I_{dyn} = 85 кА);

d) екі немесе одан артық қайталама орамдары бар ток трансформаторларында әр орамды және оның тиісті клеммасын пайдалану;

e) нақтылы үздіксіз жылу тоғы, егер ол бастапқы орамның нақтылы тоғынан өзгеше болса.

1 МЫСАЛ

Қайталама орам тарамдалған бір өзекшесі бар бір ток трансформаторының үшін: I_{cth} = 150 % (әр тарамдалу үшін бастапқы орамның нақтылы тоғының 150 % мәні)

2 МЫСАЛ

Әр түрлі коэффициенттері бар бірнеше өзекшелері бар ток трансформаторлары үшін (мысалы, 300/5 А және 4000/1 А): I_{cth} = 450 А (ток трансформаторының барлық өзекшелері арқылы өтетін максималды үздіксіз жылу тоғы ретіндегі 450 А мәні)

3 МЫСАЛ

Бастапқы орамның ауыстырып-қосылатын ток трансформаторлары үшін (4х300/1 А): I_{cth} = 4×450 А(бастапқы орамның ауыстырылып-қосылуына байланысты үздіксіз жылу тоғының 450, 900 немесе 1800 мәні)

Қуаттылық пен дәлдік класының бірнеше қисындастырылуының талаптарына сай келетін ток трансформаторы солардың барлығына сәйкес таңбалануы мүмкін.

4-МЫСАЛ 5 VA cl. 0,5; 10 VA cl. 5P20

5-МЫСАЛ 15 VA cl. 1; 7 VA cl. 0,5

6-МЫСАЛ 5 VA cl.1 & 5P20

5.13.202.2 Өлшегіш ток трансформаторының техникалық деректері келтірілген тақтайшаның арнайы таңбасы

Аспаптың дәлдік класы мен қауіпсіздік коэффициенті (егер болса) тиісті нақтылы қуаттылықты көрсеткеннен кейін көрсетілу керек.

1 МЫСАЛ 15 VA cl. 0,5

2 МЫСАЛ 15 VA cl. 0,5 FS 10

Ұлғайтылған нақтылы тоғы бар ток трансформаторларында (5.6.201.5 қараңыз) нақты мәні класты көрсеткеннен кейін бірден көрсетілу керек.

3 МЫСАЛ 15 VA cl. 0,5 ext.150 % FS 10

Кеңейтілген жүктеме өрісі бар ток трансформаторлары үшін (5.6.201.4 қараңыз) осы нақты мәні кластың белгіленуінің тікелей алдында келтірілу керек.

4 МЫСАЛ 1-10 VA class 0,2 (0,2 класындағы 1-ден 10 ВА-ға дейінгі жүктеме өрісін білдіреді).

ЕСКЕРТПЕ Техникалық деректер келтірілген тақтайшада трансформацияның бірдей коэффициенті кезінде трансформатор сай келетін коэффициенттердің, жүктемелер мен дәлдік класстарының бірнеше қисындастырылуы бойынша ақпарат берілуі мүмкін.

15 МЫСАЛ VA class 1; 7 VA class 0,5

5.13.202.3 P класты қорғаныс ток трансформаторларының техникалық деректері келтірілген тақтайшаның арнайы таңбасы

Дәлдік бойынша нақтылы шекті еселік тиісті нақтылы қуаттылық пен дәлдік класынан кейін көрсетілу керек.

30 МЫСАЛ VA class 5P10

5.13.202.4 PR класты қорғаныс ток трансформаторларының техникалық деректері келтірілген тақтайшаның арнайы таңбасы

Дәлдік бойынша нақтылы шекті еселік тиісті нақтылы қуаттылық пен дәлдік класынан кейін көрсетілу керек.

1 МЫСАЛ 10 VA class 5PR10

Егер анықталған болса, онда сондай-ақ келесі параметрлер көрсетілу керек:

- қайталама ілмек уақытының тұрақты мәні (T_s);
- қайталама орам кедергісінің жоғарғы шегі (R_{ct}).

2 МЫСАЛ 10 VA class 5PR10, Ts = 200 ms, Rct <= 2,4 Ω

5.13.202.5 PX және PXR класты қорғаныс ток трансформаторларының техникалық деректері келтірілген тақтайшаның арнайы таңбасы

Класс талаптары келесі тәсілмен көрсетілуі мүмкін:

- байламдардың арақатынасы бойынша нақтылы трансформация коэффициенті;
- бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК (E_k);
- бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК кезіндегі қоздыру тоғының (I_e) жоғарғы шегі немесе осы мәнінің мәлімделген пайызы;
- қайталама орам кедергісінің жоғарғы шегі (R_{ct}).

1 МЫСАЛ Class PX, Ek = 200 V, Ie <= 0,2A, Rct <= 2,0 Ω.

Егер анықталған болса, онда келесі параметрлер көрсетілу керек:

- өлшемдік коэффициент (K_x);
- нақтылы резиститвтік жүктеме (R_b).

2 МЫСАЛ Ek = 200 V, Ie <= 0,2 A, Rct <= 2,0 Ω, Kx = 40, Rb = 3,0 Ω.

5.13.202.6 Айнымалы сипаттамаларға арналған ток трансформаторларының техникалық деректері келтірілген тақтайшалардың арнайы таңбасы

Кластың таңбалануы келесі 2 элементтен тұрады:

a) Анықтаманың бөлімі (міндетті)

Анықтаманың бөлімі арнайы маңызды ақпараттан тұрады, ол ток трансформаторының талаптар деректеріне сәйкес келетіндігін анықтау үшін қажет (жұмыс циклінен және T_p тұрады).

1 МЫСАЛ K_{SSC} = 20 және K_{td} = 12,5 қолдана отырып:
*R*b = 5 Ом, класы TPX 20x12,5; R_{ct} <= 2,8 Ом;
*R*b = 5 Ом, класы TPY 20x12,5; R_{ct} <= 2,8 Ом, *T*s = 900 миллисекунд;
*R*b = 5 Ом, класы TPZ 20x12,5; R_{ct} <= 2,8 Ом.

ЕСКЕРТПЕ R_{ct} үшін топтаманың шегінде оның максималды мәнін көрсетуге болады.

b) Қосымша бөлім (тапсырыс беруші жұмыс циклін белгілеген кезде міндетті)

Қосымша бөлім көптеген ықтимал жұмыс циклдерін білдіреді, олар белгіленген K_{td} мәніне келтіреді).

2 МЫСАЛ
100 мс, T_p = 100 мс циклі t'_{al} =100 мс, T_p =100 мс білдіреді

(40-100)-300-40 мс, T_p = 100 мс циклі t'_{al}=40 мс, t' =100 мс, t_{fr}=300 мса,
t''_{al} =40 мс, T_p =100 мс білдіреді

(100-100)-300-40 мс, T_p = 75 мс циклі $t' = t'_{al}$=100 мс, t_{fr}=300 мса,
t''_{al} =40 мс, T_p = 75 мс білдіреді

6 Сынаулар

6.1 Жалпы ережелер

6.1.2 Сынаулар тізімдері

IEC 61869-1 стандартындағы 10-кесте жаңа 10-кестемен алмастырылды.

10-кесте. Сынаулар тізімі

Сынаулар	Тармақша
Сынаулар типі	7.2
Жылытып сынау	7.2.2
Бастапқы орам клеммаларындағы шыдайтын импульстік кернеуді сынау	7.2.3
Ашық типті трансформаторларының ылғалдылығын сынау	7.2.4
Электромагниттік сыйымдылықты сынау	7.2.5
Дәлдікті сынау	7.2.6
Қаптаманың қорғаныс дәрежесін тексеру	7.2.7
Қоршаған ортаның температурасы кезінде қаптаманың саңылаусыздығын сынау	7.2.8
Қаптаманы қысым астында сынау	7.2.9
Қысқа мерзімді токпен сынау	7.2.201
Стандартты сынау	**7.3**
Бастапқы орамның клеммаларында шыдайтын өнеркәсіптік жиілік кернеуін сынау	7.3.1
Ішінара қуатсыздануды өлшеу	7.3.2
Секциялар арасындағы өнеркәсіптік жиіліктің шыдайтын кернеуін сынау	7.3.3
Қайталама орамның клеммаларында шыдайтын өнеркәсіптік жиілік кернеуін сынау	7.3.4
Дәлдікті сынау	7.3.5
Таңбаларды тексеру	7.3.6
Қоршаған ортаның температурасында қаптаманың саңылаусыздығын сынау	7.3.7
Қаптаманы қысым астында сынау	7.3.8
Қайталама орамның кедергісін сынау	7.3.201
Қайталама ілмек уақытының тұрақты мәнін анықтау	7.3.202
Бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК кезінде бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК және қоздыру тоғын сынау	7.3.203
Байламаралық күштің артуын сынау	7.3.204
Арнайы сынаулар	**7.4**
Бастапқы орам клеммаларының кесілген импульсінің шыдайтын кернеуін сынау	7.4.1
Бастапқы орамның клеммаларында көптеген кесілген импульсті сынау	7.4.2
Сыйымдықты және диэлектрлік шығындар коэффициентін өлшеу	7.4.3
Ауыстырылатын шамадан тыс күштің түсуін сынау	7.4.4
Механикалық сынаулар	7.4.5
Ішкі доғаның әсері кезінде істен шыққанға дейін сынау	7.4.6
Төмен және жоғары температуралар кезінде қаптаманың саңылаусыздығын сынау	7.4.7

10-кесте *(жалғасы)*

Сынаулар	Тармақша
Газдың шық нүктесін сынау	7.4.8
Тоттануды сынау	7.4.9
Өртену қаупін сынау	7.4.10
Үлгілерде сынаулар жүргізу	**7.5**
Тік бұрыштық коэффициентін анықтау	7.5.1
Өлшегіш ток трансформаторлар аспабының (*FS*) қауіпсіздік коэффициентін анықтау	7.5.2

IEC 61869-1 стандартындағы 11-кесте келесі қосымшалармен бірге қолданылады:

GIS ток трансформаторлары үшін газды оқшауламай, дәлдікті сынауға болады.

6.2 Типті сынау

6.2.2 Жылытуды сынау

IEC 61869-1, 7.2.2 келесі қосымшалармен бірге қолданылады

6.2.2.201 Сынау сызбасы

Ток трансформаторы пайдалану кезінде монтаждау тәсілдері үшін толымды болып табылатын тәсілмен орнатылу керек, ал қайталама орам 6.4.1 сәйкес жүктелу керек. Ток трансформаторының күйі үлестіргіш құрылғының әр қондырғысында айрықшалана алғандықтан, сынау сызбасының құрылғысы дайындаушының пайымдауы бойынша қалады.

Ток трансформаторлары металлды қаптамадағы үш фазалы үлестіргіш құрылғыда қалған жағдайда барлық үш фаза бірге сыналу керек.

6.2.2.202 Қоршаған ортаның температурасын өлшеу

Қоршаған ортаның температурасын өлшеуге арналған қадағалар ток трансформаторының нақтылы мәндеріне сәйкес арақашықтықта және шамамен трансформатор биіктігінің жартысында ток трансформаторының айналасында үлестірілу керек; олар тікелей жылу сәулесінен қорғалу керек.

Салқындатылған ауаның температурасын минимумге жеткізу үшін, әсіресе сынаудың соңғы кезеңінде, температуралық қадағалар үшін трансформатор уақытының шамамен тең тұрақты уақыты бар жылу шығарғыштар сияқты тиісті құралдарды пайдаланған жөн.

Сынау үшін екі қадағаның орташа көрсеткіштерін пайдалану қажет.

6.2.2.203 Сынаудың ұзақтығы

Мынадай екі шарт орындалған кезде сынау тоқтатылуы мүмкін:

- сынаудың ұзақтығы ток трансформатор уақытының үш еселік жылу тұрақты мәніне тең;
- орам температурасының ұлғаю жылдамдығы (ток трансформаторларының май трансформаторы бөгінің жоғарғы бөлігіндегі

май) температура ұлғаюының үш бірізді көрсеткіштерін алған кезде 1 К-дан аспайды.

Дайындаушы уақыттың жылулық тұрақты мәнін келесі тәсілдердің бірімен бағалау керек:

- осындай құрылымға жүргізілетін алдыңғы сынаулардың нәтижелеріне негізделген сынаулардың алдында. Уақыттың жылулық тұрақты мәні жылытуды сынау кезінде расталу керек;

- сынау кезінде, температура ұлғаюының қисығынан (қисықтарынан) немесе температура төмендеуінің қисығынан (қисықтарынан), сынау кезінде жазылған және 2D қосымшасына сәйкес есептелген;

- сынау кезінде, 0 арқылы өтетін температура ұлғаюының қисығы мен температураның максималды ұлғаюы арасындағы қиылысу нүктесінде;

- сынау кезінде, уақыт температураның болжалды максималды ұлғаюының 63 % дейін жоғалған кезде.

6.2.2.204 Температуралар және температураның ұлғаюы

Сынау мақсаты орам температурасының орташа ұлғаюын анықтауға негізделеді және ток трансформаторлары үшін ток трансформаторында пайдаланудың белгіленген шартының нәтижелері болып табылатын шығындар генерацияланған кезде тұрақты күйде болатын трансформатор бәгінің жоғарғы бөлігіндегі май температурасының ұлғаюы.

Орамның орташа температурасы кедергінің өзгеруі тәсілімен анықталу керек, бірақ кедергісі өте төмен орамдар үшін термометрлерді, термобуларды немесе басқа да тиісті температуралық қадағаларды пайдалануға болады.

Термометрлер немесе термобулар орамдардан басқа, бөлшектер температурасының ұлғаюын өлшеу керек. Ток трансформаторының жоғарғы бөлігіндегі майдың температурасын майға тікелей жанасатын металды бастың жоғарғы бөлігіне қосымша жалғанған қадағалармен өлшеу қажет.

Температура ұлғаюының мәндерін 7.2.2.202 сәйкес өлшенген қоршаған орта температурасына қатысты айырмашылық бойынша анықтау қажет.

6.2.2.205 U_m <550 кВ мәні бар ток трансформаторларына арналған сынау тәсілдері

Сынау нақтылы үздіксіз жылу тоғының бастапқы орамға жалғану жолымен орындалу керек.

Дайындаушы мен сатып алушы арасындағы келісім бойынша, егер өзекшелердің қайталама клеммаларындағы кернеу олар нақтылы кернеумен жалғанғандай жоғары болғанда бір немесе бірнеше қайталама орамға қуат беру арқылы жалғауға болса, ал қуатсыз қалған қайталама орам (орамдар) нақтылы жүктемемен (жүктемелермен) байланысқан сынау тоғы.

6.2.2.206 Мәні U_m> 550 кВ болатын майлы ток трансформаторларына арналған сынау тәсілдері

Сынауды ток трансформаторына бір мезгілде мыналарды жалғау арқылы орындаған жөн:

- бастапқы орамға нақтылы үздіксіз жылу тоғын;

Егер қоздыру өзекшелерінің қайталама клеммаларындағы кернеу жоғары болса, сынау тоғы сондай-ақ бір қайталама орамға немесе бірнеше қайталама орамға қуатты беру арқылы жалғануы мүмкін. Бұл арада бастапқы орам ажыратылған, ал қуатсыз қалған қайталама орам (орамдар) нақтылы жүктемемен (жүктемелермен) жалғанған.

- бастапқы орам мен жер арасындағы $\sqrt{3}$ бөлінген жабдықтың ең жоғары кернеуі.

Әрбір қайталама орамның бір клеммасы жерге жалғану керек.

6.2.3 Бастапқы орам клеммаларында шыдайтын импульстік кернеуді сынау

6.2.3.1 Жалпы ережелер

IEC 61869-1, 7.2.3.1 сәйкес келесі қосымшалар келтірілген:

Сынау кернеуін бастапқы орам клеммалары (бірге жалғанған) және жер арасындағы клеммалар арасында жалғау қажет. Рама, корпус (егер болса) және өзекше (егер ол жерге тұйықталу үшін арналса) және қайталама орамның (орамдардың) барлық клеммалар жерге жалғану керек.

Үш фазалы ток трансформаторлары болған жағдайда газды оқшаулағышы бар қосалқы станция үшін әр фазаны жеке-жеке тексеру қажет. Әр фазада сынаған кезде басқа фазалар жерге тұйықталу керек.

Металлды қаптамадағы трансформаторларды қабылдау критерийлерін IEC 62271-203 стандартының 6.2.4 тармақ мәнін қараңыз.

6.2.6 Дәлдікті сынау

6.2.6.201 Трансформация коэффициентінің кемшілігін және өлшегіш ток трансформаторлар фазаларының ығысуын сынау

5.6.201.3, 5.6.201.4 және 5.6.201.5 тармақтарына сәйкестікті дәлелдеу үшін 201-кестеде, 202-кестеде және 203-кестеде көрсетілген токтың әр мәні кезінде жүктеменің белгіленген өрісінің сәйкесінше ең жоғары және ең төмен мәндерінің дәлдігін өлшеу қажет.

Ұлғайтылған анықталған тоғы бар трансформаторларды 120 % нақтылы токтың орнына бастапқы контурдың нақтылы кеңейтілген тоғы кезінде сынау қажет.

6.2.6.202 Өлшегіш ток трансформаторлары аспаптарының (*FS*) қауіпсіздік коэффициентін анықтау

Осы сынау келесі жанама тәсілді пайдалану арқылы орындалуы мүмкін:

Бастапқы орам ажыратылған кезде нақтылы жиілік кезінде іс жүзінде синусоидалдық кернеу арқылы қайталама орамға қуат беріледі. Кернеуді I_e қоздыру тоғы $I_{sr} \times FS \times 10$ % мәніне жеткенге дейін ұлғайту қажет.

Алынған шекті кернеудің орташа квадраттық мәні қайталама орамның шекті ЭҚК-нен E_{FS} кем болу керек (3.4.206 қараңыз).

Қоздыру кернеуін түзетілген дабылдың орташа дабылына мөлшерлес, бірақ орташа квадраттық мәндерде калибрленген аспаппен өлшеу қажет. Қоздыру тоғын орташа квадраттық мәндері бар, амплитудасының

минималды коэффициенті 3 болатын аспапты пайдалана отырып, өлшеу қажет.

Егер өлшеу нәтижесі күмәнді болса, онда тікелей сынау арқылы қосымша өлшеу қажет (2A.5, 2A.6 қараңыз), сондай тікелей сынау нәтижесі эталондық болады.

ЕСКЕРТПЕ Жанама сынаудың үлкен артықшылығы болып жоғары кернеу токтары қажетті болып табылмайтындығы (мысалы, бастапқы контурдың нақтылы тоғы 3 000 А және аспаптың қауіпсіздік коэффициенті 10 болған кездегі 30 000 А) және сондай-ақ 50 А үшін ешқандай жүктемелерді ұсынбау жөн екендігі табылады. Бастапқы орамның кері сымдарының әсері жанама сынау кезінде физикалық тұрғыдан тиімді болып табылмайды. Пайдалану шарттарында, әсер күрделі қатені ұлғайтуы мүмкін, бұл өлшегіш ток трансформаторы беретін аспаптың қауіпсіздігі үшін ұнамды болып табылады.

6.2.6.203 P және PR классты қорғаныс ток трансформаторларының толық кемшілігін сынау

Келесі екі сынау рәсімдеріне сәйкес:

a) 205-кестеде келтірілген толық кемшілік шектеріне сәйкестік тікелей сынау арқылы көрсетілу керек, онда іс жүзінде шекті дәлдіктің бастапқы орамының нақтылы тоғына тең синусоидалдық ток бастапқы орам арқылы өтеді; бұл арада қайталама орам шамасы нақтылы жүктемеге тең, бірақ дайындаушының пайымдауы бойынша 0,8 индукциялы және бірлік арасындағы қуаттылық коэффициенті бар жүктемемен байланысқан (2A.4, 2A.5, 2A.6, 2A.7 қараңыз).

Сынау жеткізілетінге ұқсас трансформаторларды жүргізілуі мүмкін, дәл сол геометриялық үлестіру сақталған кезде төмендетілген пайдалануға болатындығы ескерілмегенде.

Мәселе бастапқы контур мен бір өзекті бастапқы орамы бар ток трансформаторлары туралы болған кезде бастапқы контурдың кері сымы мен ток трансформаторы арасындағы арақашықтықты пайдалану шарттарының туындауын ескерген жөн.

b) 2C қосымшаға сәйкес төмен реактивтік шашырау кедергісі бар ток трансформаторлары үшін тікелей сынауды жанама сынаулармен алмастыруға болады.

Ажыратылған бастапқы орам кезінде қайталама контурдың E_{ALF} шекті ЭҚК тең орташа квадраттық мәні бар іс жүзіндегі синусоидалдық мәні бар нақтылы жиілік кезінде қайталама орамға қуат беріледі.

$I_{sr} \times ALF$ пайызы ретінде айқындалған алынған қоздыру тоғы 205-кестеде келтірілген толық кемшілік шегінен аспау керек.

Қоздыру кернеуін дыбысы түзетілген дабылдың орташа мәніне мөлшерлес, бірақ орташа квадраттық мәндерде калибрленген аспаппен өлшеу қажет. Қоздыру тоғын амплитудасының минималды коэффициенті 3

болатын орташа квадраттық мәндерді өлшейтін аспапты пайдаланып өлшеу қажет.

Толық кемшілікті жанама тәсілмен анықтаған кезде трансформация коэффициентінің байламдардың қатынасы бойынша ықтимал түзетуін ескерудің қажеті жоқ.

6.2.6.204 TPX, TPY және TPZ класты қорғаныс ток трансформаторлары үшін шарттар шектелген кездегі қатені сынау

Типті сынау мақсаты шекті шарттар кезінде талаптарға сәйкестікті дәлелдеуден тұрады, сынау тәсілдерін 2B қосымшасынан қараңыз.

Егер ток трансформаторы – 2C қосымшасына сәйкес шашыраудың реактивтік кедергісі төмен типті трансформатор болса, 2B.2 сәйкес типті жанама сынауға болады, кері жағдайда 2B.3 сәйкес кері сынауды орындау қажет болады.

Сынауды ток трансформаторы түйінінің белсенді бөлігінің соның ішінде оқшауланбаған металды корпустың толық масштабы үлгісінде орындау қажет.

6.2.6.205 PX және PXR класты қорғаныс ток трансформаторларына арналған шашыраудың реактивтік кедергісі төмен типті сынау

Шашыраудың төмен реактивтік кедергісін тексеруді 2C қосымшасына сәйкес орындау қажет.

6.2.6.206 PR, TPY және PXR класты қорғаныс ток трансформаторларының тік бұрыштық коэффициентін анықтау

- PR үшін 5.6.202.3.5 талаптарына;
- TPY үшін 5.6.202.5.2 талаптарына;
- PXR класы үшін 5.6.202.4 талаптарына сәйкестігін дәлелдеу үшін тік бұрыштық коэффициентін (K_R) анықтау қажет. Сынау тәсілдерін 2B.2 қараңыз.

6.2.201 Қысқа мерзімді токпен сынау

Нақтылы қысқа мерзімді жылулық токтың және 5.204 көрсетілген нақтылы динамикалық токтың талаптарын тексеру үшін келесі екі сынау белгіленген.

Жылулық сынауды ажыратылған қайталама орам (орамдар) кезінде және I' тоғы кезінде t' уақыты ішінде мынадай формуладағыдай орындау қажет:

$$I'^2 \times t' \geq I_{th}^2 \times t$$

мұндағы, t – қысқа мерзімді жылулық токтың белгіленген ұзақтығы,

t' шамасының 0,5 с және 5 с арасындағы мәндері болу керек.

Динамикалық сынауды ажыратылған қайталама орамы (орамдары) кезінде және амплитудалық мәні бір шың үшін нақтылы жұмыс тоғынан (I_{dyn}) кем емес бастапқы орамның тоғымен орындалу керек.

Сол сынаудың бірінші негізгі шыңының тоғы нақтылы жұмыс тоғынан (I_{dyn}) кем болмаған жағдайда, динамикалық сынауды жоғарыда сипатталған жылыту сынауымен біріктіруге болады.

Егер қоршаған ортаның температурасына (10°С және 40°С аралығында) дейін салқындатқаннан кейін төмендегі талаптарға сай келсе, трансформатор осы сынаулар өтті деп есептелу керек:

a) айқын зақымдар жоқ;

b) магнитсіздендіргеннен кейінгі кемшіліктер сынаулар алдында тіркелгендерден оның дәлдік класына сәйкес келетін кемшіліктер шектерінің жартысынан астамына артық айрықшаланбаса;

c) 7.3.1, 7.3.2, 7.3.3 және 7.3.4 анықталған, бірақ аталған мәндердің 90 %-на дейін төмендетілген сынау кернеулерімен немесе токтарымен анықталған диэлектрлік сынауларға шыдайды;

d) зерттеу кезінде өткізгіштің беткі қабатының жанындағы оқшаулау күйінің айтарлықтай нашарлануы байқалмаса (мысалы, көмірлену).

Нақтылы қысқа мерзімді жылулық тоғына (I_{th}) сәйкес келетін бастапқы орамдағы токтың тығыздығы келесі мәндерден асып кетпесе, d) зерттеуі талап етілмейді:

- орам IEC 60028 көрсетілген өткізгіштігі мәнінің кем дегенде 97% құрайтын мыстан жасалған кезде 180 А/мм^2;
- орам IEC 60121 көрсетілген өткізгіштігі мәнінің кем дегенде 97% құрайтын алюминийден жасалған кезде 120 А/мм^2.

ЕСКЕРТПЕ Тәжірибе көрсететіндей, нақылы қысқа мерзімді жылулық тоғына сәйкес келетін бастапқы орам тоғының тығыздығы жоғарыда аталған мәндерден асып кетпеген кезде пайдаланғанда жылыту бойынша талаптар жалпы жағдайда А класы оқшауланатындай орындалады.

6.3 Стандартты сынаулар

6.3.1 Бастапқы орам клеммаларында шыдайтын өнеркәсіптік жиіліктің шыдайтын кернеуін сынау

IEC 61689-1 сәйкес келесі қосымшалармен бірге:

Сынау кернеуін ажыратылған негізгі орам мен жер арасынан өткізу қажет. Ажыратылған қайталама орам (орамдар), рама, корпус (егер болса) және өзекше (егер арнайы жер клеммасы болса) жермен байланысу керек.

6.3.5 Дәлдікті сынау

6.3.5.201 Трансформация коэффициентінің кемшілігін және өлшегіш ток трансформаторларының фазаларының ығысуын сынау

Дәлдікті стандартты сынау – 7.2.6.201 тармақтағы типті сынау сияқты, осындай трансформаторлардағы сынаулар сынаулардың осыншама азайтылған саны 5.6.201.3 тармақ мәні сәйкестігін дәлелдеу үшін жеткілікті екендігін көрсеткен жағдайда токтардың және/немесе жүктемелердің саны азайған кезде стандартты сынаулар жүргізуге рұқсат етілгендігін ескермеген жағдайда.

6.3.5.202 P және PR класты қорғаныс ток трансформаторларының трансформация коэффициентінің кемшілігін және фазаларының ығысуын сынау

Трансформация коэффициентінің кемшіліктері мен фазалардың ығысуына қатысты сәйкесінше 5.6.202.2 және 5.6.202.3 тармақтарына сәйкестігін дәлелдеу үшін сынауларды бастапқы орамның нақтылы тоғы мен нақтылы жүктемесі кезінде орындау қажет.

6.3.5.203 P және PR класты қорғаныс ток трансформаторларының толық кемшілігін сынау

Шашыраудың реактивтік кедергісі төмен ток трансформаторлары үшін (2С қосымшаны қараңыз), стандартты сынау – 7.2.6.203 қосымша тараудың b) тармағында сипатталған типтің жанама сынауы тәрізді.

Басқа трансформаторлар үшін 7.2.6.203 қосымша тарауының b) тармағында сипатталған жанама сынауды пайдалануға болады, бірақ нәтижелеріне қоздыру тоғына қатысты түзету коэффициентін қолдану қажет. Бұл коэффициент қарастырылатын типке ұқсас трансформаторға қатысты тура және жанама сынаулардың нәтижелері арасындағы салыстырмадан алынады, бұл арада дәлдік пен жүктеме шарты бойынша шекті еселік бірдей болу керек. Мұндай жағдайларда дайындаушы қолжетімді болу үшін есеп-қисаптарды өзінде ұстағаны жөн.

1-ЕСКЕРТПЕ Түзету коэффициенті тікелей тәсілмен алынған толық кемшілік пен жанама тәсілмен анықталған $I_{sr} \times ALF$ пайыз ретінде айқындалған қоздыру тоғының қатынасына тең.

2-ЕСКЕРТПЕ «Дәл сондай типті трансформатор» деген анықтама қатынастарына қарамастан, ампер-байламдар ұқсас, материалдар және темір өзекшелер мен қайталама орамдар геометриялық үлестірімі бірдей екендігін білдіреді.

6.3.5.204 TPX, TPY және TPZ класты қорғаныс ток трансформаторларының трансформация коэффициентінің кемшілігін және фазаларының ығысуын сынау

5.6.202.5.1 сәйкестігін дәлелдеу үшін трансформация коэффициентінің кемшілігін және фазалардың ығысуын нақтылы ток кезінде өлшеу қажет.

Нәтижелер қайталама орамның 75°C температурасына сәйкес келу керек.

Осыған байланысты, қайталама орам температурасының нақтылы мәнін өлшеу және оның 75°C-ге түзетілген мәні арасындағы айырмашылықты анықтау қажет. Кемшілікті өлшеуді орам кедергісінің жоғарыда аталған айырмашылығына ұлғайтылған R_b жүктемесімен орындау қажет.

TPY және TPZ өзекшелері үшін баламалы түрде 75°C ($\Delta\varphi_{75}$) кезінде фазалардың ығысуын қоршаған ортаның температурасы ($\Delta\varphi_{\text{amb}}$) кезінде өлшеу және келесі тәсілмен есептеу арқылы орындауға болады:

$$\Delta\varphi_{75} = \Delta\varphi_{amb}\,\frac{R_{ct} + R_b}{R_{ctamb} + R_b}$$

мұндағы, R_{ctamb} – қоршаған ортаның температурасы кезінде орамның кедергісі. Трансформация коэффициентінің кемшілігіне кедергіні осылайша түзетудің әсерін асыруға болады.

Типті сынау үшін және стандартты сынаулар үшін тікелей сынау тәсілін қолдануға туралы келеді (бастапқы орамның ток көзін және эталондық ток трансформаторын пайдалану арқылы). Шашыраудың реактивтік кедергісі төмен ток трансформаторлары үшін 2E қосымшасында жанама сынау тәсілі келтірілді. Оны жергілікті өлшеулер үшін және тұрақты бақылау мақсаты үшін қолдануға болады.

6.3.5.205 TPX, TPY және TPZ класты қорғаныс ток трансформаторлары үшін шарттарды шектеген кездегі қатені сынау

Стандартты сынаудың мақсаты шектелген шарттарда талаптарға сәйкестікті дәлелдеуден тұрады.

Егер ток трансформаторы – 2C қосымшасына сәйкес шашыраудың реактивтік кемшілігі төмен трансформатор болса, онда 2B.2 сәйкес жанама сынауды орындау қажет.

Егер шашыраудың реактивтік кедергісі төмен құрылымының талаптарына сәйкестік орнатылмаса, бірақ дәл сол типті ток трансформаторының типін сынау хаттамасы қолжетімді болмаса, онда 2B.2 сәйкес жанама сынауды орындау қажет. Бұл жағдайда егер коэффицент 1,1-ден артық болса, құрылымның ықтимал қолжетімді коэффициентін F_c қарастыру қажет. Егер типті осылай сынау қолжетімді болмаса, онда топтаманың бір аспабын сынау қажет және оның нәтижелерін қалған аспаптарды жанама сынау кезінде эталондық ретінде пайдалану қажет.

1-ЕСКЕРТПЕ Құрылымның коэффицентін F_c анықтаған кезде ЭҚК интеграциялау қажеттілігінен және дәлдіктің шекті шарттары кезінде сызықтық емес параметрлердің салдарынан зертханалар өлшемнің жоғары белгісіздігін анықтау керек. Сонымен қатар, аздаған зертханалар ғана қажетті жұмыс циклдерін шектелген дәлдікпен қамтамасыз ете алады, осыған байланысты тікелей және жанама сынаулардың нәтижелері тиісті түрде келісілмеген, соның нәтижесінде F_c сенімсіз мәндері алынуы мүмкін, сондықтан осы саладағы тәжірибе (сынауларды жүргізу) көп емес.

2-ЕСКЕРТПЕ «Дәл сондай типті трансформатор» деген анықтама қатынастарына қарамастан, ампер-байламдар ұқсас, материалдар және темір өзекшелер мен қайталама орамдар геометриялық үлестірімі бірдей екендігін білдіреді.

6.3.5.206 PX және PXR қорғаныс ток трансформаторлары үшін трансформация коэффициентінің кемшілігін сынау

PX класы мен PXR класы үшін трансформация коэффициентінің кемшілігін 2F қосымшасына сәйкес анықтау қажет.

Сынауды дайындаушы мен сатып алушы арасындағы келісім бойынша жалғанған нөл-Ом жүктемесімен трансформация коэффициентінің кемшілігін өлшеу арқылы алмастыруға болады.

Трансформация коэффициентінің кемшілігі 5.6.202.4 келтірілген шектерден аспау керек.

7.3.201 Қайталама орамның (R_{ct}) кедергісін анықтау

Келесі тармақтарға сәйкестікті дәлелдеу үшін қайталама орамның (R_{ct}) кедергісі келесі класты ток трансформаторлары үшін өлшену керек:

PR класы: 5.6.202.3.7 және 6.13.202.4 тармақтар (егер параметрі белгіленсе);

PX, PXR класы: 5.6.202.4 және 6.13.202.5 тармақтар;

TPX, TPY, TPZ класы: 6.13.202.6 тармағы.

Нәтиже 75°C-ге немесе белгіленуі мүмкін басқа температураға сәйкес келу үшін тиісті түзетуді енгізу қажет.

PR, PX және PXR кластары үшін 75°C-ге түзетілген алынған мәні белгіленген жоғарғы шектен аспау керек (егер ондай болса).

6.3.202 Қайталама ілмек уақытының (T_s) тұрақты мәнін анықтау

Келесі тармақтарға сәйкестікті дәлелдеу үшін қайталама ілмек уақытының (T_s) тұрақты мәні мынадай класстары бар ток трансформаторларында анықталу керек:

- PR класы: 5.6.202.3.6 тармағы (егер параметрі белгіленсе);
- TPY класы: 5.6.202.5.3 тармағы.

Өлшенген мәні кез келген белгіленген мәнінен ±30 %-ға аспау керек.

T_s анықтау үшін келесі формула пайдаланылу керек (2B.2 L_m анықтауды қараңыз):

$$T_S = \frac{L_m}{(R_{ct} + R_b)}$$

Жүктеме ВА-мен белгіленген нақтылы қуаттылық ретінде анықталған жағдайда R_b жүктеменің тең резистивтік бөлігі ретінде алынады.

Баламалы түрде, T_s келесі формуламен анықтауға болады:

$$T_S = \frac{1}{2\pi \int_R \times \tan(\Delta\varphi)}$$

Егер фазалардың ығысуы $\Delta\varphi$ минутпен берілсе, онда келесі болжамды формуланы қолдануға болады:

$$T_S[c] = \frac{3438}{2\pi f_R \times \Delta\varphi[мин]}$$

1 ЕСКЕРТПЕ Фазалардың азғантай ығысуын өлшеудің белгісіздігі салдарынан $\Delta\varphi$ пайдаланатын тәсіл трансформация коэффициенті жоғары және фазаларының ығысуы аз ток трансформаторлары үшін қиындықтар туғызуы мүмкін.

2 ЕСКЕРТПЕ TPZ класты өзекшелер үшін T_s айқын көрсетудің қажеттілігі жоқ. $\Delta\varphi$ = (180 ± 18) мин дәлдігін талап етуді тексеруі стандартты сынау ретінде жүзеге асырылады. Бұл жағдайда T_s жоғарыда аталған формуламен анықталады.

6.3.203 Бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК (E_k) және E_k кезінде қоздыру тоғын сынау

Тиісті тармаққа сәйкестікті дәлелдеу үшін тиісті кластары бар ток трансформаторлары үшін бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК E_k кезінде бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК өлшеу және қоздыру тоғын I_e өлшеу қажет:

PX, PXR класы: 5.6.202.4 тармағы.

Қоздырудың нақтылы жиілігі бар сай келетін синусоидалдық кернеуін трансформатордың толық орамынан қайталама орамының клеммаларына жалғау қажет, бұл арада барлық қалған клеммалар ажыратылған болу керек және қоздыру тоғы өлшену керек.

Қоздыру кернеуін дыбысы түзетілген дабылдың орташа мәніне мөлшерлес, бірақ орташа квадраттық мәндерде калибрленген аспаппен өлшеу қажет. Қоздыру тоғын орташа квадраттық мәндерін өлшейтін, амплитудасының минималды коэффициенті 3 болатын аспапты пайдалана отырып, өлшеу қажет.

Қоздыру сипаттамасын 1.1 × E_k тең кернеуге дейінгі графикте бейнелеу қажет.

E_k тең кернеу кезінде 3.4.215 сәйкес бүгілу нүктесінің шарты орындалу керек.

E_k тең кернеу кезінде (немесе кез келген мәлімделген пайыз кезінде) қоздыру тоғы I_e белгіленген шектен аспау керек.

1 ЕСКЕРТПЕ Таңдалған трансформация коэффициенті бар, тарамдалған қайталама орамдары бар ток трансформаторлары үшін қоздыру сипаттамасын есептеп шығаруға болады, максималды трансформация коэффициентін ескермегенде. Әрбір өлшеу нүктесі үшін келесі формулаларды қолдануға болады:

$$E_2 = E_1 \times \frac{k_{r2}}{k_{r1}}$$

$$I_{e2} = I_{e1} \times \frac{k_{r1}}{k_{r2}}$$

мұндағы, k_{r1}, k_{r2} – трансформацияның екі нақтылы коэффициенті;

E_1, E_2 – қайталама орам ЭҚК-н екі тиісті мәндері;

I_{e1}, I_{e2} – қоздыру тоғының екі тиісті мәні.

2 ЕСКЕРТПЕ Өлшеу нүктелерінің саны дайындаушы мен сатып алушы арасында келісілу керек.

3 ЕСКЕРТПЕ Әдетте бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК E_k қарағанда артығырақ болуға тиіс бүгілу нүктесінің нақтылы ЭҚК анықталады.

6.3.204 Байламаралық күш түсуді сынау

5.3.201 сәйкестігін көрсету үшін сынаулар орындалу керек.

Байламаралық күш түсуді сынауды келесі рәсімдердің біріне сәйкес келетін толық орам кезінде орындау қажет. Егер басқасы келісілмесе, онда рәсімді дайындаушы таңдайды.

А рәсімі: ажыратылған қайталама орамдар кезінде (амплитудалық кернеуді есептейтін жоғары импедансты құрылғымен жалғанған қайталама орамдар) жиілігі 40 Гц пен 60 Гц аралығындағы және нақтылы негізгі токқа тең орташа квадраттық мәні бар (немесе бастапқы токтың нақтылы ұлғайтылған тоғы, егер ондайлар болса) синусоидалдық токты 60 с ішінде негізгі орамға жалғау қажет.

Егер 5.3.201 көрсетілген сынау кернеуі бастапқы орамның нақтылы тоғына (немесе бастапқы орамның нақтылы ұлғайтылған тоғына) жеткенге дейін ертерек алынса, жалғанған токты шектеу қажет.

Егер 5.3.201 көрсетілген сынау кернеуі бастапқы контурдың максималды тоғы кезінде қолжетімді болмаса, онда алынған кернеуді сынау кернеуі ретінде сынау қажет.

В рәсімі: Ажыратылған бастапқы орам кезінде 5.3.201 көрсетілген сынау кернеуін (кейбір сай келетін сынау жиілігі кезінде) 60 с ішінде әрбір қайталама орамның клеммаларына жалғау қажет.

Қайталама орам тоғының орташа квадраттық мәні қайталама орамның нақтылы тоғынан (немесе егер болса, тиісті ұлғайтылған мәнінен) аспау керек.

Сынау жиілігі сынау кернеуіне жететіндей етіп таңдалу керек, бірақ ол 400 Гц-тен аспау керек.

Егер 5.3.201 көрсетілген сынау кернеуі қайталама орамның максималды тоғы және максималды сынау жиілігі кезінде қолжетімді болмаса, онда алынған кернеу сынау кернеуі ретінде есептелу керек.

Сынау жиілігі нақтылы жиіліктен екі есе асып кетсе, сынаудың ұзақтығын t төменде көрсетілгендей азайту қажет:

$$T = 120\ s \times \frac{f_R}{f_T}$$

мұндағы, f_R – нақтылы жиілік;

f_T – сынау жиілігі;

бұл арада t минималды мәні 15 с құрайды.

ЕСКЕРТПЕ Байламаралық күш түсуді сынау ток трансформаторын ажыратылған қайталама ораммен жұмыс істеуге жарамдылығын тексеру мақсатында орындалатын сынау болып табылмайды. Шамадан тыс күш түсу мен қызып кетуді болдырмау үшін ток трансформаторларын ажыратылған қайталама орамымен пайдаланбаған жөн.

6.4 Арнайы сынаулар

6.4.3 Сыйымдықты және диэлектрлік шығындар коэффициентін өлшеу

IEC 61869-1 сәйкес келесі қосымшалармен бірге:

Сынау кернеуін ажыратылған бастапқы орам клеммалары мен жер арасынан өткізу қажет. Жалпы жағдайда, ажыратылған қайталама орам (орамдар), кез келген экран, сондай-ақ оқшауланған металлды қаптама өлшеу құралымен жалғану керек. Егер ток трансформаторында осы өлшем үшін сай келетін арнайы клеммасы болса, онда басқа да төмен вольтты клеммалар ажыратылу керек және металлды қаптамамен бірге жерге немесе өлшеу құралының экранынан жалғану керек.

Сынауды трансформатор қоршаған ортаның температурасында болған кезде және оның мәнін тіркеу мүмкін болған кезде жүргізу керек.

6.4.6 Ішкі доғаның әсері кезінде істен шыққанға дейін сынау

IEC 61869-1 сәйкес мынадай қосымшаларымен бірге ЕСКЕРТПЕ беріледі:

ЕСКЕРТПЕ Жоғарғы өзекшесі бар майлы трансформаторлар үшін істен шығу орын алған аймақ көптеген жағдайларда басты оқшаулағыштың жоғарғы бөлігінде орналасқан. U-тәрізді орамы бар майлы ток трансформаторлары үшін бұл аймақ жалпы жағдайда басты оқшаулағыштың төменгі бөлігінде орналасқан.

6.5 Үлгілерде сынау

6.5.1 Тік бұрыштық коэффициентін анықтау

Әдетте, үлгілерде сынау үшін әрбір өндірістік топтама үшін 7.2.6.206 анықталған типтік сынау қайталанады.

6.5.2 Өлшегіш ток трансформаторларының аспабының (*F*S) қауіпсіздік коэффициентін анықтау

Әдетте, үлгілерде сынау ретінде әрбір өндірістік орта үшін 7.2.6.202 анықталған типтік сынау жанама тәсілді пайдалану арқылы қайталанады.

2А қосымшасы
(міндетті)

Р, PR класты қорғаныс ток трансформаторлары

2А.1 Векторлық диаграмма

Егер құрамында және жүктемесінде сызықтық және магниттік құрамдас бөліктерден тұратын ток трансформаторы қарастырылса, онда бастапқы контурдың синусоидалды тогы туралы қосымша ұйғарым берілген кезде барлық токтар, кернеулер мен магниттік ағыстар синусоидалдық болады және пайдалану сипаттамаларын 2А.1 суретте келтірілген векторлық диаграммамен көрсетуге болады.



ХЭК 1550/12

2А.1 сурет - Векторлық диаграмма

2А.1 суретіндегі I_s шамасы қайталама орамның импедансы арқылы өтетін қайталама орамның тогын және қажетті индукцияланатын E_s ЭҚК және ЖҚК векторына перпендикулярлы ψ қайталама орамының байланысқан ағысының шамасы мен бағытын анықтайтын жүктемені білдіреді. Осы ағыс бастапқы орамның ψ байланысқан ағысына қарама-қарсы магниттелмейтін құрамдас бөлігі I_m бар қоздыру тогын I_e қолдайды, ал шығындардың құрамдас бөлігі (немесе белсенді құрамдас бөлігі) I_a ЭҚК-ге қарама-қарсы. Қайталама орам тогы I_s мен қоздыру тогының I_e векторлық сомасы – байламдардың қатынасы бойынша (бастапқы орам байламдарының санының қайталама орам байламдарының санына қатынасы) трансформацияның нақтылы коэффициентіне көбейтілген бастапқы орамның тогын білдіретін I''_p вектор.

Трансформацияның нақтылы коэффициентіне тең байламдардың саны бойынша трансформацияның нақтылы коэффициентінің инверсиясы бар трансформатор үшін I_s және I''_p векторларының ұзындықтарының айырмашылығы - 3.4.3 анықтамасына сәйкес трансформация коэффициентінің (ε) айырмашылығы, ал $\Delta\varphi$ бұрыштарының айырмашылығы – 3.4.4 сәйкес фазалардың ығысу бұрыштарының айырмашылығы.

2А.2 Байламдық түзету

Егер трансформацияның нақтылы коэффициентінің инверсиясы трансформацияның нақтылы коэффициентінен өзгеше (әдетте кем) болса, онда ток трансформаторының байламды түзеткіші бар. Пайдалану сипаттамаларын бағалаған кезде байламдарға қатысты трансформацияның нақтылы коэффициентіне көбейтілген бастапқы орам тоғын I''_p және трансформацияның нақтылы коэффициентіне бөлінген бастапқы орам тоғын I'_p ажырата білу керек. Байламдық түзетудің болмауы $I'_p = I''_p$ білдіреді. Егер байламдық түзету болса, онда I''_p-ге қарағанда I'_p өзгеше болады, ал I'_p трансформация коэффициентінің (ε) кемшілігін анықтау үшін пайдаланылады, сол кезде байламдық түзету трансформация коэффициентінің (ε) кемшілігіне әсер ететіндігін байқауға болады (және осы мақсат үшін саналы түрде пайдаланыла алады). Алайда, I'_p және I''_p векторларының бірдей бағыты бар, осыған байланысты байламды түзету фазалардың ығысуына әсер етпейді.

Сондай-ақ байламды түзетудің толық түзетуге әсері оның трансформация коэффициентінің (ε) кемшілігіне әсерінен төмен екендігі де байқалады.

2А.3 Кемшіліктер үшбұрышы

2А.2 суретінде 2А.1 суретінің жоғарғы бөлігі үлкенірек масштабта және фазалар ығысуының аздығы соншалықты, тәжірибелік мақсаттар үшін I_s және I''_p векторларын қарама-қарсы деп есептеуге болады деген қосымша ұйғарыммен көрсетілген. Қайтадан қандай да бір байламдық түзетудің болмауын болжай отырып, I_e-ді I_p-ге жобалау арқылы трансформация коэффициентінің кемшілігін (ε) алу үшін токтың I_e өте жақындасқан синфазалық құрамдас (ΔI) бөлігі I''_p и I_s арасындағы арифметикалық айырмашылықтың орнына пайдалануы мүмкін. Осыған ұқсас токтың I_e шаршылық құрамдас бөлігі (ΔI_q) фазалардың ығысуын айқындау үшін пайдаланылуы мүмкін.



ХЭК 1551/12

2А.2 сурет – Кемшіліктер үшбұрышы

Осындай болжамдар кезінде I''_p бөлінген қоздыру тоғы I_e 3.4.203 сәйкес толық кемшілікке тең.

Байламды түзетуі жоқ ток трансформаторы үшін және векторлық ұғым рұқсат етілген жағдайда трансформация коэффициентінің кемшілігі (ε), фазалардың ығысуы және толық кемшілік тікбұрышты үшбұрыш қалыптастырады.

Осы үшбұрышта толық кемшілікті білдіретін гипотенуза жүктеме мен қайталама орамнан тұратын жүктеменің толық импедансының шамасына тәуелденеді, бұл арада трансформация коэффициентінің кемшілігі (ε) мен фазалардың ығысуы арасындағы уақыт мөлшері жүктеме мен қоздыру тоғының толық импедансы қуаттылығының коэффициентіне тәуелденеді. Осы екі қуаттылық коэффициенттері тең болған кезде, яғни I_s мен I_e фазада орналасқан кезде фазалардың нөлдік ығысуы орын алады.

2А.4 Толық кемшілік

Толық кемшілік түсінігін қолдану векторлық ұғым негізделмеген жағдайда туындайды, себебі сызықтық емес шарттар қоздыру тоғы мен қайталама тоғына жоғары үйлесімдік береді (2А.3 суретті қараңыз).



ХЭК 1552/12

Р2А.3 сурет – Токтың типтік пішіндері

Дәл осы себеп бойынша толық кемшілік 3.4.203 сәйкес, трансформация коэффициентінің кемшілігі (ε) мен фазалар ығысуының векторлық сомасы ретінде айтарлықтай қарапайым емес тәсілмен 2А.2 суретте көрсетілгендей анықталды.

Жалпы жағдайда толық кемшілік те бастапқы орамда жоқ жоғары үйлесімдерінің қайталама орамда қатысуымен туындаған мінсіз ток трансформаторларынан ауытқуды білдіреді (Осы стандартта бастапқы орам тоғы әрдайым синусоидалдық болып есептеледі).

2А.5 Толық кемшілікті тікелей сынау

Стандартты тәсіл бастапқы орам тоғы мен қайталама орам тоғының дабылдарының пішініне жазуға және санмен көрсетуге және 3.4.203 анықтамаға сәйкес сандық интеграциялауды пайдалану арқылы толық кемшілікті есептеп шығаруға негізделеді.

Алайда, осы қосымшада ұқсас аспаптармен толық кемшілікті анықтаудың дәстүрлі тәсілдері сипатталған.

2А.4 суретте байламдардың 1:1 арақатынасы бойынша трансформация коэффициенті бар ток трансформаторы көрсетілген, ол бастапқы орам тоғының көзімен (синусоидалдық), сызықтық сипаттамалары бар қайталама

орамның жүктемесімен Z_B амперметрмен бастапқы орамның да, қайталама орамның да токтары амперметр арқылы, бірақ қарама-қарсы бағыттарда өтетіндей болып жалғанады. Амперметр арқылы өтетін нәтижелендіргіш ток бастапқы орамның синусоидалдық тоғының басым жағдайларында қоздыру тоғына тең болады, ал бастапқы орам тоғының орташа квадраттық мәнімен байланысқан осы токтың орташа квадраттық мәні 3.4.203 сәйкес толық кемшілік болып табылады; арақатынасы пайызбен айқындалады.



ХЭК 1553/12

2А.4 сурет - 1:1 ток трансформаторына арналған негізгі контур

2А.4 суретте толық кемшілікті тікелей өлшеуге арналған негізгі контур көрсетілген.

2А.5 суретте бірліктен өзгеше нақтылы трансформация коэффициенті бар ток трансформаторлары үшін толық кемшілікті тікелей өлшеуге арналған негізгі контурды білдіреді. 2А.5 суретте бірдей нақтылы трансформация коэффициенттері бар екі ток трансформаторы көрсетілген. N әрпімен белгіленген ток трансформаторында басым шарттарда болмашы толық кемшілігі (минималды жүктеме) бар, бұл кезде X әрпімен белгіленген сыналатын ток трансформаторы өзінің нақтылы жүктемесімен байланысқан.



ХЭК 1554/12

2А.5 сурет – Туынды трансформация коэффициенті бар ток трансформаторына арналған негізгі контур

Екі трансформатор да бастапқы орамның синусоидалдық тоғының бірдей көзінен қуаттандырылады, ал амперметр қайталама орамның екі

токтары арасындағы айырмашылықты өлшеу үшін жалғанған. Бұл жағдайларда A_1 амперметріндегі токтың орташа квадраттық мәнімен байланысты A_2 амперметрдегі токтың орташа квадраттық мәні – X трансформаторының толық кемшілігі; арақатынасы пайызбен айқындалады.

Осы тәсіл үшін N трансформаторының толық кемшілігі пайдаланған кезде болмашы болуы қажет. N трансформаторында белгілі толық кемшіліктің болуы жеткіліксіз, себебі анағұрлым күрделі табиғатының кесірінен (толқын пішінің бұрмалануы) N эталондық трансформаторының ешқандай толық кемшілігін сынау нәтижелерін түзету үшін пайдалануға болмайды.

2А.6 Толық кемшілікті тікелей өлшеудің баламалы тәсілі

Толық кемшілікті өлшеу үшін баламалы құралдарды пайдалануға болады және бір тәсілі 2А.6 суретте көрсетілген.



2А.6 сурет – Баламалы сынау контуры

2А.5 суретте көрсетілген тәсіл X трансформаторындағыдай нақтылы трансформация коэффициенті бар және шекті дәлдіктің бастапқы орамының тоғы кезінде болмашы толық кедергісі бар «арнайы» эталондық N трансформаторын талап етеді. Сонымен қатар, 2А.6 суретте көрсетілген тәсіл N және N′ стандартты эталондық трансформаторларды олардың бастапқы орамдарының нақтылы токтары кезінде пайдалануға мүмкіндік береді, осы эталондық трансформаторлардың болмашы толық кемшіліктері болу керек, бірақ (осы жағдайда) талапты жеңілірек орындау керек.

2А.6 суретіндегі X – сыналатын трансформатор. N – X трансформаторының шекті дәлдігінің бастапқы орамының нақтылы тоғы сияқты дәл сондай шаманың бастапқы орамының нақтылы тоғы бар стандартты эталондық трансформатор (сынауды орындау қажет болатын ток). N′ – X трансформаторының шекті дәлдігінің бастапқы орамының нақтылы тоғына сәйкес келетін қайталама орам тоғының шамасы тәртібінің бастапқы орамының нақтылы тоғы бар стандартты эталондық трансформатор. N′ трансформаторы X трансформаторының Z_B жүктемесінің

бір бөлігін құрайды, оны сәйкесінше Z_B жүктемесінің мәнін анықтаған кезде ескерген жөн. A_1 және A_2 – екі амперметр және A_2 амперметрі N және N′ трансформаторларының қайталама орамдары арасындағы айырмашылықты өлшеуін ойластыру қажет.

Егер N – $k_т$ трансформаторының, X – $k_{тх}$ трансформаторының, N′ – $k'_т$ трансформаторының нақтылы трансформация коэффициенті болса, онда $k_т$ трансформация коэффициенті $k'_т$ және $k_{тх}$ туындысына тең болу керек:

$$k_т = k'_т \times k_{тх}$$

Бұл жағдайда A_1 амперметріндегі токпен байланысқан A_2 амперметріндегі токтың орташа квадраттық мәні X трансформаторының толық кемшілігі болып табылады; арақатынас пайызбен айқындалады.

ЕСКЕРТПЕ 2А.5 және 2А.6 суреттерінде көрсетілген тәсілдерді пайдаланған кезде А2 үшін төмен импедансты аспапты пайдалануды ойластыру керек, себебі осы амперметрдің ұштарындағы кернеу (2А.6 суретіндегідей жағдайда N′ трансформаторының коэффициентіне бөлінген) X трансформаторының жүктемесінің бір бөлігін құрайды және осы трансформатордағы жүктемені азайту беталысы бар, Осыған ұқсас, амперметрдің осы кернеуі N трансформаторындағы жүктемені ұлғайтады.

2А.7 Толық кемшілікті пайдалану

Толық кемшіліктің сандық мәні трансформация коэффициентінің кемшілігі (ε) мен фазалардың ығысуының векторлық сомасынан ешқашан кем болмайды (соңғысы сантирадиандармен берілген кезде).

Осының салдарынан, толық кемшілік трансформация коэффициентінің кемшілігінің (ε) немесе фазалардың ығысуының анағұрлым жоғары ықтимал мәніне көрсетеді.

Трансформация коэффициентінің кемшілігі (ε) максималды ток релесінің жұмысы үшін, ал фазалардың ығысуы – фазалық сезімтал реленің (мысалы, бағытталған реле) жұмысы үшін ерекше мүддені білдіреді.

